

**Замана қасіреті
үлт запыранына
айналды**



3-БИТ

**Егер сіз интернетті
басқара алмасаңыз,
онда ол сізді басқарады**



4-БИТ

Таңғы қонырау



8-БИТ



• ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ЗАҢ

✉ zangazet@mail.ru

№31 (3710)
22 қазан 2024



газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖОҒАРҒЫ СОТ: САЛА ЖҰМЫСЫНДА ОҢ НӘТИЖЕ КӨП



Республиканың сот корпусы биылғы жылы 9 айда атқарылған жұмыстарды қорытындылап кеңес өткізді. Жоғарғы Сот төрағасы жетекшілік еткен кеңеске Жоғарғы Соттың сот алқаларының төрағалары Нұрсерік Шәріпов, Назгүл Рахметуллина, Аслан Түкиев, Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров пен ВКБ арқылы – облыстық және оған теңестірілген соттардың басшылығы қатысты.

(Соңы 3-бетте)

АНА МЕН БАЛА ӘЛІМЖЕТТІК ҚҰРБАНЫ БОЛМАУЫ КЕРЕК

Маңғыстау аудандық сотында Қылмыстық кодекстің 108-1-бабы 2-бөлігінің 1) тармағымен, яғни екі адамға қатысты абайсызда денсаулыққа жеңіл зиян келтірген сотталушыға қатысты іс қаралды.

Сотта анықталғандай, сотталушы мас күйде бола тұра, қоғамдық орында ерлі-зайыптылармен сөзге келіп, келіспеушілік соңында күйеуін ұрып, әйелін теуіп жіберген. Істі сотта қарау кезінде сотталушы кінәсін мойындап, жәбірленушілерден кешірім сұрады. Іс сотта қылмыстық сипатта қаралып, сотталушы кінәлі деп танылып, оған 1 жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу түріндегі жаза тағайындалды.

Бұл сотта қаралып жатқан қатардағы көп істің бірі болғанымен, заң жүзінде өзгеріс көп. Бұрын мұндай құқық бұзушылықтар Әкімшілік құқық бұзушылық кодексімен қаралатын болса, енді қылмыстық соттарда үкім шығатын болды. Бүгінде ұрып-соғудың кез келген фактісі Қылмыстық кодекс шеңберінде қаралуда.

Биыл сәуірде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың талабымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданған болатын. Бұл өзгерістерге сәйкес, заңға әйелдер мен балаларға қатысты кез келген сипаттағы зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті қатаңдатып, сондай-ақ отбасы институтын, кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтатын нормалар енгізілді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, енді соттардың қарауындағы істер бойынша денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу қылмыстық құқық бұзушылық ретінде қаралады. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа және ауыр зиян келтіруге қатысты жауапкершілік қатаңдатылды. Өзін-өзі өлтіруге итермелегені және ықпал еткені, сондай-ақ өзін-өзі өлтіруді насихаттағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. 16 жасқа толмаған адамдарға сексуалдық сипатта тиіскені үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді.

(Соңы 3-бетте)

• ТҮЙТКІЛ

«ОТБАСЫ БАНКІ» БАСПАНАҒА МҰҚТАЖДАР МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕ АЛА МА?

Елімізде баспанаға мұқтаж жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар кәмелетке толғаннан кейін де есептен шығарылмайтын болды. Парламент Сенатында қаралған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында осындай талап айқындалды.

Аталмыш құжат аясында азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының 5 кодексіне және 16 заңына өзгеріс енгізілді. Заң жобасының негізгі жаңалығы «Отбасы банкі» ұлттық даму институты ретінде қайта құру жөніндегі талап. Заң қабылданса, жергілікті атқарушы органдардың мұқтаждар үшін тұрғынжайды есепке алуды, қоюды және бөлуді жүзеге асыру жөніндегі функциясы банкке беріледі. Сондай-ақ тұрғын үйге мұқтаждар туралы мәліметті қамтитын, басқа да мемлекеттік де-

реккорлармен интеграцияланған «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасын қалыптастыру, жүргізу, мониторингтеу, өзектендіру жөніндегі функциялар да аталған қаржы құрылымына жүктелмек.

Тұрғынжайға мұқтаждар есебінен шығарылмайтындар қатарында жоғарыда аталған жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалармен қатар, мүгедек баласы бар отбасылар да бар. Бұл қатарда «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқасымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана»

атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар да бар. Сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлердің жалпы көлемінің кемінде 70 пайызы бірінші кезектегі құқығы бар азаматтарға, оның ішінде соғыс ардагерлеріне, I және II топтағы мүгедектерге, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы отбасыларға, жесірлерге (тұл ер адамдарға) және басқа да осал санаттарға беріледі. Жер кодексі шеңберінде жер учаскелерінің барлық меншік иелеріне оның нысаналы мақсаты өзгерген кезде жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнына тең соманы бөліп төлеу көзделеді.

Тұтастай алғанда сенаторлар заңды тұжырымдамалық негізде қолдады. Алайда, олар құжатты қарау кезінде меншік иесі тұрғын үйді

коммуналдық тұрғын үй қорынан алған кезде коммуналдық меншікке берілуге тиіс апатты деп танылған жалғыз тұрғын үйді беру жөніндегі өлшемге түзету енгізді. Бұдан басқа, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктерімен ұқсас елорда әкімдігіне жергілікті бюджет қаражатынан сыртқы қабырғаларды реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі құзыретті бекітуге қатысты түзету ұсынды. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж деп танылған азаматтар үшін өтпелі жағдайды көздейтін заңның 2-бабы бойынша да түзету қарастырылды. Осыған байланысты Сенат депутаттары заңды өздері ұсынған түзетулермен Мәжіліске қайтару туралы шешім қабылдады.

Айша ТҮРМАҒАМБЕТОВА,
«Заң газеті»

• ПАРЛАМЕНТ

Әуе рейстерінің жүйелі кешігуі мен жолаушылар құқығының бұзылуы жиі орын алып жүр. Бірақ, қанша сыналып жатса да жауапты компанияда жақсы өзгеріс байқалар емес.

Сенатор Андрей Лукин «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» заңына сүйенсе отырып, тасымалдаушылар ұшу тәртібі өзгерген жағдайда жолаушылар алдында жауапты болатынына назар аударды. Заң бойынша ұшақ әуе компаниясының кінәсінен кешіккен болса, жолаушыларға төрт сағаттан астам күткені үшін ыстық тамақ және бес сағаттан астам кешіккенде қонақүйде тұру сияқты қызмет ұсынуы керек. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, көптеген әуекомпаниялар бұл талапты жүйелі түрде бұзып келеді.

Әуекомпаниялар сыннан сабақ алмай келеді

Сенатор көбінесе техникалық ақаулар, ауа райының қолайсыздығы және әуежай жұмысындағы кемшіліктер де кешігуге себеп болатынын атап өтті. Әуе қатынасы сапасының нашарлауы жолаушылардың қауіпсіздігі мен жайлы ұшуына кері әсер ететіндіктен, мәселе билік тарапынан назар аударуды талап етеді. «Ұшақ кешіккен кезде қызмет көрсету стандарттарын қатаңдатуды ұсынамын. Ұшақтардың техникалық жағдайын қатаң бақылауды қамтамасыз ету керек. Әуекомпаниялардың ұшу тәртібін сақтау жөнінде жария рейтингін енгізу керек, бұл қызмет көрсету сапасын арттыруды ынталандырады. Жолаушылардың өтемақысын жабу мақса-



тында әуекомпанияларын рейстердің кешігуінен міндетті түрде сақтандыруды енгізу керек. Кешігуге жиі тап болатын жолаушыларға арналған ниеттестік бағдарламасын жасау керек», – деді сенатор Лукин.

Медицинада ілгерілеу жоқ

Сенатор Ғалисқар Сарыбаев медициналық сақтандыру жүйесіне

қатысты мәселе көтерді. Бұл орайда сенатор бюджеттің екі есе өсуіне қарамастан ресурстар тиімсіз пайдаланылып жатқанына алаңдаушылық білдірді. Оның айтуынша, денсаулық сақтауды қаржыландырудың қолданыстағы үлгісі саланың өзекті мәселелерін толық шеше алмайды. Бүгінде қаржыландыру 2,5 есе көбейгенімен, оның ЖІӨ-дегі үлесінің көрсеткіші небәрі 3,7 пайыз. Ал, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы дамушы

• КӨЗҚАРАС

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының әрбір төрт жыл сайын өтетін съездері сот тарихында ғана емес, ел тарихында да айрықша маңызға ие. Себебі, бұлардың әрқайсысында сала жұмысына қатысты өзекті мәселелер көтеріледі және оларды шешу мен оңтайландыруға қатысты түрлі тақырыптар талқыланады.

Судьялар съезінің сот жүйесін дамыту бағытында қолға алынатын тың бастамаларды ортаға салатын, сондай-ақ, алдағы міндеттерді айқындайтын мінберге айналғанына 28 жыл болды. Биылғы IX съезде де атқарылған игі істерге жан-жақты баға беріліп, алдағы жоспарлар жасалды.

Солардың ішіндегі ең маңыздысы кассациялық соттар. Тағы бір назар аударылған көкейтесті мәселенің бірі судья көмекшісі институтын жоғары деңгейде жұмыс институты болды. Себебі, судья көмекшісі елімізде пилот-

• ТӘЖІРИБЕ

Жыл сайын жоғары оқу орындары мен колледждерде көптеген жастар білім алып, заңгерлер қатарын толықтыруда. Қолына енді диплом алған жастардың еңбек нарығынан өз орнын табуы білімі мен білігіне, ынтыас мен талабына байланысты.

Заңгерлік мамандыққа жүрек қалауымен келген, болашағын осы саламен тығыз байланыстыратын ізденімпаз, еңбекқор жастарды өз қатарына қосуға кез келген құрылым ынталы. Соның ішінде сот саласы да бар.

Қазіргі кезде сот әкімшілігі тарапынан жастарды жұмысқа қызықтыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Өйткені, сот жұмысының қыр-сырын меңгерген, соттың «қазанында қайнаған» жастар ертең мықты судья болары күмәнсіз. Әрі ақ пен қара айқындалатын төрелік алаңындағы тынымсыз жұмыстың сапалы атқарылуына салаға келген потенциалы жоғары, қиындықтан қашпайтын, өз ісін үлкен жауаптылықпен атқаратын жас мамандардың көмегі көп.

Жас мамандар сот жұмысынан хабардар болуы үшін қазір судьялар колледждер мен жоғары оқу орындарына барып, арнайы дәрістер оқиды. Сонымен бірге, ашық есік күндері ұйымдастырылып, жастардың сот оты-

СЕНАТОРЛАР СЫН АЙТТЫ

елдерде ЖІӨ-нің 5-8 пайызды және дамыған елдерде кемінде 9 пайызды салаға жіберуді ұсынады.

Депутат осы ретте Талдықорған қалалық көпсалалы ауруханасындағы жағдайды мысалға келтірді. Мекеме ауыр қаржы қиындығына тап болуда, оның ішінде 1,2 млрд теңге несие берешегі бар, оған салық міндеттемесі, медициналық қызмет пен дәрі-дәрмекті сатып алу және коммуналдық шығын кіреді. Аурухананың 370 төсек орны бола тұра, 284 төсек орнын ғана қаржыландырады. Бұл жоспарлы емдеуді азайтуға және шұғыл емдеуге жатқызу-ды 87 пайызға арттыруға әкеліп соққан. Сондықтан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін трансформациялау бойынша заң аясында ұсыныс енгізу керек.

Медициналық мекемелердің қаржылық жағдайын, сала қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және міндетті медициналық сақтандыру жүйесінің тариф мәселесін кешенді түрде шешкен жөн.

Алимент таңдайға татымайды

Бүгінде алименттің көлеміне және дер кезінде төленуіне қатысты да шешімін күткен мәселе бар. Әсіресе, балалардың өміріне лайықты жағдай жасау үшін алимент көлемінің жетпейтіні ұдайы айтылып келеді. Отырыста бұл мәселе Парламент мінберінен айтылды. Сенатор Жанна Асанова али-

мент төлемді есептеу тәртібін қайта қарауды ұсынды. Оның айтуынша, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексте алимент бір балаға ата-ана табысының төрттен біріне тең екені көрсетілген. Алимент төлейтін ата-ана көбінесе іс жүзінде ең төменгі жалақыны 85 мың теңге етіп көрсетіп, кірісін төмендетеді. Нәтижесінде бір балаға алимент небәрі 22 мың теңге ғана, бұл тәуелсіз сарапшылардың бағалауы бойынша айына 130 мың теңгеге жететін баланың нақты қажеттілігі туралы айтпағанда, ең төменгі күнкөріс деңгейінен әлдеқайда аз. Осы жайлы айта келе сенатор:

– Біздің еліміздегі әрбір бала тек тамақ пен киім ғана емес, сонымен қатар білім алуға, медициналық қызмет пен басқа да әлеуметтік игіліктерге қол жеткізуге құқылы. Алимент мөлшерін анықтаудың қолданыстағы тәртібі ескірді және баланың жас ерекшелігі де ескерілмейді. Бұл балалардың әлсіздікке душар болуы мен толыққанды дамуына қажетті ресурсқа қол жеткізе алмауына әкеледі. Қазіргі уақытта біздің елімізде алимент үлестік қатынаста есептеледі, – деді.

Оның айтуынша, отбасылық жағдай мен балалар саны және олардың нақты қажеттілігін ескере отырып, алименттің неғұрлым әділ мөлшерін белгілеу үшін неке-отбасы заңнамасының ережелерін қайта қарау керек. Сонымен қатар, жасына және әлеуметтік факторларға байланысты балалардың негізгі қажеттілігіне талдау жасалғаны жөн. Алиментті төмендетудің алдын алу үшін жұмыс берушілер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың кірісті жасыруын анықтау тетігін әзірлеу де кезек күттірмейді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

СУДЬЯ КӨМЕКШІСІ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

тық жоба ретінде 2018 жылы қолға алынған. Енді осы жобаны тәжірибеге толығымен енгізу қажеттігін уақыттың өзі талап етіп отыр. Бұл институт сот жүйесіндегі жас мамандарға судья қызметіне жетуге арналған баспалдақ әрі ең лайықты сот қызметкерлерін іріктеуде үміткердің адами және кәсіби қасиеттерін зерттеуге де мүмкіндік береді.

IX съезде судьялардың Әдеп кодексінің жаңа нұсқасы қабылданды. Тұңғыш съезде негізі қаланған кодекс содан бері заман сұранысына қарай бірнеше рет жаңартылды. Қазылар қауымы әрбір әрекетімен судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болуға, сот төрелігін әділ жүзеге асыруға, әдеп нормасын мүлтіксіз орындауға, процесске қатысушылармен өзара қарым-қатынасы соттың тәуелсіздігі туралы қоғамның сенімділігін сақтауға ықпал етуге тиіс. Жаңа өзгерістердің әрбір соттардың тәртіптік жауапкершілігін күшейтуге бағытталған.

Айтулы басқосуда судьялардың тәуелсіздігі мәселесіне ден қойылып, олардың бейтараптығы мен кәсібилігін, сондай-ақ сот төрелігін сапалы жүзеге асыруды одан әрі қамтамасыз етудің, сот мамандығының тартымдылығын арттырудың, ашық сот отырысын көбейтудің, IT қызметін дамыту және робототехниканы кеңінен қолданудың ұйымдастырушылық-құқықтық шаралары одан әрі нақтыланды. Сондай-ақ, судьяларды іріктеу мен құзыретін күшейтуге қатысты ұсыныстар берілді.

Судьялар съездерінде қозғалған мәселелер нәтижесінде жүргізілген сот реформалары сот төрелігі жүйесін азаматтардың талаптары мен мүдделеріне жақындату арқылы, істерді сотта қараудың сапасын айтарлықтай арттырғанын көрсетеді.

Дүния-Зада КЕНШИМОВА,
Ақтау қаласы №2 сотының судьясы

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ



Аслан БОРАНОВ,
Жетісу аудандық соты әкімшісінің басшысы

рыстарына қатысуына, судьялар мен сот мамандарының қызметімен танысуына, соттың тыныс-тіршілігін көзбен көруіне мүмкіндік жасалады. Ашық сот отырыстарын ұйымдастырудың да бұл ретте ықпалы зор. Мысалы тікелей көрсетілім арқылы қаралған Бишімбаев сотынан кейін жастардың адвокат, прокурор, судья болуға қызығушылығы артты. Ал бірнеше айға созылған осы процесс сот мамандарының шеберлігі мен жауаптылығының арқасында тия-

нақты, сапалы өткенін мойындауымыз керек.

Өрине, кез келген мекеме өз қатарына тәжірибелі мамандарды тартқанды қалайды. Көпшілігіне үйретуді қажет етпейтін, дайын мамандар керек. Бірақ, сот саласы мұндай ұстанымға қарсы. Тәжірибенің жоқтығы жастардың сот жұмысына орналасуына кедергі емес. Себебі, бізде жас заңгерлердің мамандықты меңгеруіне барлық жағдай жасалған. Соған орай бүгінде жастардың өндірістік тәжірибесін сотта өткізіп, біліктілігін жетілдіруіне де көмек беріледі.

Үшінші біліктің тыныс-тіршілігін жетік біліп, судьялардың ақыл-кеңесін тыңдаған жас мамандардың салаға берері аз емес. Жалпы, жастар – кез келген құрылымды алға сүйреуші. Жаңа идеяларға, жаңа бастамаларға құмар жастардың өзі араласқан ортаның қозғаушы күшіне айналары күмәнсіз. Жастар – батыл, еркін, жаңашыл. Күш-қайраты тасып тұрған жас мамандардың сот жұмысына жан бітірері анық. Сондықтан, соттағы бос орындар туралы үнемі ақпарат беріліп, талапты жастарды қатарға қосудың кез келген мүмкіндігі жасалуда.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• ПАЙЫМ

Еңбек даулары бұрын да болған, қазір де аз дей алмаймыз. Мұндай даулардың туындауына көбінесе азаматтардың құқықтық сауатының төмендігі, құжаттарға салғырт қарауы түрткі болып жатады. Сонымен бірге, қаржылық қиындыққа тап болған азаматтар да көп жағдайда жұмыс берушілерден еңбек келісімшартын жасауды талап етпей, шарасыздықтан басшының айтқанын істеуге мәжбүр болып жатады.

ЕҢБЕК ШАРТЫН БҰЗҒАНДАРҒА ЖАУАПТЫЛЫҚ БАР

Құқықтық, зайырлы мемлекетте еңбек қарым-қатынастарының бәрі заңмен реттелген. Азаматтарды жасына, жынысына, ұлты мен тіліне, дініне байланысты еңбек алаңдарында кемсітуге жол берілмейді. Жалпы, жұмыс берушілер қарауындағы жұмысшыны тек еңбек келісімшартын жасағаннан кейін ғана жұмысқа тартып, оның алаңсыз, қауіпсіз еңбек етуіне жағдай туғызуы керек.

Еңбек дауларын азайтып, азаматтардың мүддесін қорғау мақсатында құзырлы орындар тарапынан түрлі акциялар, рейдтер өткізіліп жата-тынына куә болып жүрміз. Мысалы бірнеше жыл қатарынан республика шеңберінде «Еңбек келісімшартын жаса!» акциясы қолға алынды. Мұндағы мақсат халықтың заңдық сауатын көтеру, жұмыс берушілердің жауаптылығын арттыру. Осы акция барысында көптеген жиындар өткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмыстары қолға алынды. Еңбек келісімшартын жасамай жұмысқа араласқан азаматтарға оның заңдық, материалдық және моральдық салдары туралы толыққанды мәлімет ұсынылды. Себебі, азаматтар мұндай заңбұзушылықтың назардан тыс қалмайтынын білуі керек. Еңбек келісімшартын жасамаған кезде жұмыс берушінің заңды белден басуы оңай. Негізі бұл әкімшілік құқық бұзушылық болып есептеледі және сол үшін айыппұл салынады. Бұдан бөлек еңбек келісімшартын жасамай жұмыс істеу мемлекеттік бюджетке де зиян. Өйткені, ұйымның салықтық есебі дұрыс болмайды, бұл тұрғыда салық заңнамасын бұзған болып есептеледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 86-бабына сай адамды еңбек шартын жасамай жұмысқа жібергендерге жауаптылық белгіленген. Мұндай заң бұзушылыққа жол берген лауазымды адамдарға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – ал-

пыс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады. Ең қызығы, ірі өндіріс орындары, танымал компанияларда мұндай құқық бұзушылықтар жасалмайды. Өйткені, өзіндік бет-бейнесі қалыптасқан, ел ішінде танымал жұмыс орындары жылдар бойы қалыптасқан оң имидждеріне көлеңке түспеуін ойлайды. Сондықтан мұндай мекемелерде еңбек қарым-қатынастары заңға сай жүзеге асырылады. Ал жаңа ашылған, шағын жұмыс орындары құжатқа мән бермейді. Көпшілігі салықты аз төлеу үшін осындай заңсыздыққа баруы да әбден мүмкін.

Мәселен, қазір асхана, тойхана-ларда даяшы болып жүрген жоғары сынып оқушылары мен студенттерді жиі байқауға болады. Күндік жұмыс істейтін осы жастардың көпшілігі еңбек келісімшартын жасауға мән бермейді. Соны білетін кәсіп иелері сынақ мерзімінен өтпейдін деген желеумен жастарға еңбекақы төлемей, жұмысын тегін пайдаланып жатады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 86-бабы 3-бөлігіне сәйкес, көмелетке толмағандарды еңбек келісімшартын жасамай жұмысқа тартқандарға жауаптылық белгіленген. Мұндай заңсыздық орын алған жағдайда лауазымды адамдарға – елу, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – сексен, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Заңның осы тетіктерін халыққа түсіндіріп, көрсетіп отыру қажет. Себебі, азаматтар өз құқығын білуі, заңға арқа сүйей отырып өзін қорғай алуы тиіс.

М.МАМУТОВА,
Жетісу облысы Талдықорған әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖОҒАРҒЫ СОТ: САЛА ЖҰМЫСЫНДА ОҢ НӘТИЖЕ КӨП

(Соңы. Басы 1-бетте)

А.Мерғалиев өз сөзінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүргізіліп жатқан өзгерістер – судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, сот корпусын жоғары білікті заңгерлермен нығайтуға және сот процесінде азаматтар мен кәсіпкерлердің кепілдіктерін күшейтуге бағытталғанын атап өтті. Сондай-ақ алқабилер соттылығының кеңеюіне байланысты олардың қатысуымен қаралған қылмыстық істердің екі есеге ұлғайғанын, шешім қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз ету және сот қателерін азайтуда ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталғандарды шартты түрде мерзімінен бұрын босату және бас бостандығынан айыруды неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы өтінішхаттар беруді пысықтау жұмыстары қолға алынғанын айтты. Осы кезеңде бақылау құрылғыларын қолдану 4 есеге өскен: 2023 жылы электронды білезіктермен ұйқамаққа алу үшін 68 адамға (ұйқамақтағылардың 20%), ал 2024 жылы – 263 ұсталған адамға (60%) санкция берілген.



Жоғарғы Сот төрағасы азаматтық істер бойынша татуластырудың тиімділігін (42%), оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған істердің көбейгенін, тұрғын үй, жер, еңбек және сақтандыру даулары бойынша сот қателерінің азайғанын атап өтті.

Апелляцияның тиімділігін арттыруға, кассациялық тәртіпте анықталған қателерге баса назар аударып, судьялар үшін оқыту семинарлары мен тренингтерді жүйелі түрде өткізуге назар аударылды. Әкімшілік талап қоюлардың өсуіне қатысты (3,3%) мемлекеттік басқару сапасын арттырудағы реформаның тиімділігі атап өтілді: татуластыру және сұратулар 5,4%-ға өсе түскен, Жоғарғы Сот 2 бюллетень, 9 талдау және сот практикасына қорыту шығарды.

Сөзінің соңында Жоғарғы Сот төрағасы сот шешімдерінің әділдігін қамтамасыз ету, істерді мұқият қарау, оның ішінде, инвесторлар мен бизнестің құқықтарын қорғау, соттардағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісін жою, жаңа Судьялық әдеп кодексінің нормаларын мүлтіксіз сақтау, соттың кешенді жұмысы туралы бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде көбірек айту қажеттігіне назар аударды.

Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі

• КЕСЕЛ

Жуырда ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Қауіпсіздік кеңесінің отырысында халық арасындағы құмар ойынға тәуелділік мәселелері қарастырылғаны баршаға аян. Мемлекет басшысы басқосу барысында осы жаман әдетке, әсіресе, жастар әуес екенін баса айтып, мемлекеттік органдарға азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойынға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырды.

Бұл тақырып бүгін де өзекті. Жасыратыны жоқ, бүгінде адал еңбек етіп, бейнеттің берекесіне бөленудің орнына ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп қалтасын қаппайтқы-

«Сол ақшаға бір нан алмайсың, иә бала-шағаңа бұйырмайды. Астыма көлік, басыма баспана алған жоқпын. Үйім жоқ. Қор болдым. Тепсе темір үзетін қаншама нар жігіттер осыдан қор бо-

ЗАМАНА ҚАСІРЕТІ ҰЛТ ЗАПЫРАНЫНА АЙНАЛДЫ

сы келетіндердің қатары көбейген. Бәс тігуден алдына жан салмайтын мұндайлар букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың торына түсіп, тапқан-таянғанын «желге ұшырып» жатыр. Ендеше, бұл мәселеге бұдан әрі көз жұма қарауа өсте болмайды. Еңбекқор әрі ұстамды, нәпсісін тыя алатын ертенгі ел жастарын тәрбиелегіміз келсе, мұны қоғам болып қозғау салатын уақыт жетті.

Естеріңізде болса, былтыр Маңғыстау облысына қарасты Бейнеу ауданының тұрғыны сондағы «Лото» клубын өртеп жіберген болатын. Ол өз сөзінде 20 жылда 200 миллион теңге ұтылғанын және ойын алаңдары өмірін ойран еткенін айтты. Жігіт ағасы әлеуметтік желідегі жеке парақшасында өзі туралы мәлімет жариялаған болатын.

лып жүр. Қаншама отбасы бұзылды. Қаншама адам қарызданып, өз-өзіне қол жұмсап жатыр. Менің де өзіме қол жұмсаған кездерім болды. Ал, енді мына Бейнеудегі лотоны өртемеске болмады. Ауылымызда осыдан басқа жолы-ойнақ жоқ. Мен ешқандай жауапкершіліктен қашпаймын. Адамдардан алған барлық ақшам осы азарт ойындарға кетті. Ауылдың азаматтары, ауыл жастары мен сияқты қор болмамын. Осы өртенгеннен кейін қайта аша қоймас деп ойлаймын. Әрбір істеген ісімді мойныммен көтеремін. Ауылдарында осындай бөлелер ашық болса, шама келгенше иелеріне барып түсіндіріңдер. Бұл азарт ойыннан ешкім ұтпайды. Баршадан көшірім сұраймын», — деп жазба қалдырды. Міне, атпалдай азамат ойнаған ойынның ақыры осы

жағдаймен түйінделді. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Мәселен, бірнеше жыл бұрын «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамының Жуалы аудандық филиалының бір қызметкері опасы ойынның кесірінен опық жеді. Көп уақыт өтпей жас жігіттің заңсыз әрекеті әшкере болып, сенімге селкеу түсірген банк қызметкері түрмеге тоғытылған еді. Ал, жақында спорттық құмар ойындар салдарынан қарызға батқан Тараз қаласындағы шағын қаржы мекемесінің директоры өз фирмасын тонаған. 47 жастағы ер адам кассирді дәретхана бөлмесіне қамап, кассадан 24,5 миллион теңге көлемінде қаражатты иемденіп, белгісіз бағытқа қашып кетеді.

Оқыс оқиға орнына жедел барған тәртіп сақшылары «Тосқауыл» жоспа-

ры негізінде әрекет етіп, тонаушының туыстарымен және айналасындағы жақын араласатын адамдармен байланыс орнатады. Нәтижесінде күдікті қала аумағынан тыс жасырынып үлгермей, өз еркімен ұрланған ақшаны алып, полиция органына келуге мәжбүр болды. Бүгінде осы дерекке қатысты Қылмыстық кодекстің 191-бабының 4-бөлігі (аса ірі мөлшерде жасалған тонау) бойынша қылмыстық іс тіркелді. «Жауап алу барысында ұсталған азамат жасаған әрекетіне өкініп, мұндай мәжбүрлі, үмітсіз қадамға спорттық құмар ойындар салдарынан ұтылысқа ұшырағаны және кезінде осындай құмар ойындар үшін алған 5 несие бойынша жинақталған қарыздарға байланысты барғанын айтып түсіндірді. Қазіргі таңда күдікті уақытша қамау изоляторына қамаққа алынды. Тергеу амалдары жалғасуда», — делінген өңірлік полиция департаменті таратқан ақпаратта.

Деректерге сүйенсек, бүгінгі таңда біздің елде құмар ойыншылардың саны 350 мыңнан асады екен. Ал, бір

ойыншының орташа қарызы 10 миллион теңгені құрайды. Медицина мен психологияда мұны аурудың бір түрі деп есептейді. Яғни, «лудомания» деп атайды.

Шын мәнінде, біздің елде Көкшетау мен Алматыдан 70 шақырым қашықтықтағы Д.Қонаев (бұрынғы Қапшағай) қаласында ғана ресми түрде жұмыс атқаруға рұқсат берілген. Бірақ, заңсыз бағытта құмар ойынның өзге де түрлерін таратып, қалтаға түсіп қана қоймай, келушілердің өмірін өкінішке айналдырғандар қаншама?! Әріге бармай-ақ, облыс орталығындағы қаптаған букмекерлерден көз сүрінеді. Жалпы, Қазақстан букмекерлер және тотализаторлар ұйымының құрамына 30-дай букмекерлік кеңсе тіркелген. Кейбір деректер бойынша елімізде бұл бизнес саласында шамамен 30 миллиард теңге айналымда жүргені белгілі болды. Негізі, букмекерлік кеңсе қызметіне біздің елде рұқсат етілген. Оны ашу үшін керекті құжаттарды жинап, жауапты министрлікке тапсыру керек және лицензия алу құнын төлесеніз жеткілікті. Тіпті, бұл орталықтарға қолжетімділік арта түскені соншалық, ұялы телефон арқылы да ұтыс тігуге мүмкіндік бар. Ал, бұл ойын аппараттары мен орталықтар қаншалықты бақылануда? Мұны ешкім де дөп басып айта алмайды. Бұл дерт туралы отбасымызда, дастарқан басында балаларға, жастарымызға айтып, алдын алып отырғанымыз жөн деп ойлаймын.

Себебі ата-ананың, үлкендердің айтқан сөзі әрдайым баланың жадында сақталып, жаман әрекетке барудан бас тартады деп сенемін.

Бекмырза КЕНЕСОВ,
Ақтобе қаласы мамандандырылған тергеу сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы



Сәйкесінше күрделі жағдайда жасалса, бір жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір жүзден екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не отыз тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

АНА МЕН БАЛА АӨЛІМЖЕТТІК ҚҰРБАНЫ БОЛМАУЫ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кәмелетке толмағандарды ұрлағаны және заңсыз бас бостандығынан айырғаны үшін жаза айтарлықтай қатандатылды.

Бұл ТМД елдеріндегі әйелдер мен балаларды қорғауды қамтамасыз ететін маңызды өзгерістерді көздейтін бірінші заң деуге болады. Мемлекетіміздің мұндай жауапты қадамға баруының басты себебі – соңғы жылдары елімізде балалар мен әйелдерге әлімжеттік танытатындар қатарының артуы. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда жыл сайын абьюзерлердің қолынан кемінде 80 әйел қаза табады екен. Күн сайын полицияға тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша 300-ге жуық арыз түседі.

Жазаны қатандату арқылы ана мен баланы қорғауды қамтамасыз етіп, зорлық-зомбылықтың алдын аламыз деген ортақ мақсатымыз бар. Себебі, жазаны қатандату қылмыстың алдын алудың және қоғамды қауіпті қылмыскерлерден қорғаудың тиімді әдісі екені дәлелденген аксиома.

Қылмыстық кодекстің 108 және 109 баптары өзгеріске ұшырады. 108-бап алынып тасталды да, 108-1-бап

енгізілді. Онда денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру – екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады деп көрсетілген. Екі немесе одан да көп адамға қатысты; аса қатыгездікпен, адамдар тобы арқылы, бірнеше рет, т.б. жасалса, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

109-бап та алынып, ұрып-соғу туралы 109-1-бап қолданысқа енді. Тән ауруына ұшыратқан, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге алып келген ұрып-соғу немесе өзге де зорлық-зомбылық әрекеттерін жасау – сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не жиырма бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны қатандатудан басқа, заң біздің заңнамаға әсер етудің жаңа түрлерін қолдануды қарастырады. Мысалы, сот шешімі бойынша қылмыскерлерге міндетті психологиялық көмек көрсету енгізіледі.

Заңның өзгертілуі, жазаның қатандатылуы – бірден үлкен нәтижеге жеткізе қоймасы белгілі. Сондықтан әрбір қазақстандық әйелдерге ана деп, балаға балам деп қарауы керек. Әлі де ана мен баланы қорғауды күшейте берген жөн. Қиын өмірлік жағдайдағы отбасылар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер сапасын жақсарту, неке және отбасы институтын нығайту да кешенді түрде жүргізілетін жұмыстар.

Айта кету керек, жаңа заң бойынша әйелдер мен балалардың денсаулығына бірнеше рет ұрып-соғу және зиян келтіру кезінде татуласу қарастырылмаған. Жалпы қоғамда анаға деген махаббатты арттырып отыру керек. Сонда қоғамның қасіретіне айналатын зорлық-зомбылық жасаушылар қатары кемір еді.

Асел ДОСАЕВА,
Маңғыстау аудандық сотының судьясы

• ФОРУМ

ЕГЕР СІЗ ИНТЕРНЕТТІ БАСҚАРА АЛМАСАҢЫЗ, ОНДА ОЛ СІЗДІ БАСҚАРАДЫ

Алматыда Qazaqstan IGF–2024 интернетті басқару жөніндегі екінші ұлттық форумы өтті. БҰҰ Бас хатшылығының қолдауымен әлемнің 106 елінде ұсынылған Интернетті басқару жөніндегі жаһандық форумның (The Internet Governance Forum, IGF) бір бөлігі болып табылатын бұл шараға мемлекеттік органдардың, жеке секторлардың, азаматтық қоғамның және академиялық ортаның 200-ден астам өкілі қатысты.



– Qazaqstan IGF – бұл ғаламдық сұхбат алаңының бір бөлшегі. Ұлттық форум азаматтық қоғам, мемлекеттік органдар, бизнес, ғылым және техникалық қауымдастық өкілдері сандық мәселелер бойынша ашық сұхбат құрып, шешім қабылдайтын орны. Интернет қазір инновациялық экономикалық өсімнің негізгі инноваторы ғана емес, заманауи жаңа қауіптерді шақырады. Ол БҰҰ-ның соңғы сессиясында да айтылды. Егер сіз интернетті басқара алмасаңыз, онда интернет сізді басқарады, – дейді ұлттық форумның операторы болып табылатын Eurasian Digital Foundation Бас кеңесшісі Саркис Дарбинян.

Бұл ойды БҰҰ-ның Қазақстандағы жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі Властимил Самек ары қарай жалғастырып: «Интернет соншалықты күрделендірілген, тіпті оны басқару да қиын. Сұрақ – қалай? Басқару адам құқықтарын ескеруі маңызды екені даусыз. Дегенмен, әлемде 8 миллиард адам бар. Барлығын интернет арқылы біріктіру – біз үшін үлкен сын-қатер» екенін атап өтті. Сондай-ақ, форум атауындағы басқару деген сөзге жауапкершілікпен деген сөзді қосу туралы ұсыныс жасады. Оның пайымдауынша, басқарудың жауапкершіліксіз де болуы мүмкін. Сондықтан интернетті дамыту тек жауапкершілікпен басқару арқылы жүргізілуі тиіс.

ICANN Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы жаһандық өзара іс-қимыл жөніндегі менеджері Михаил Анисимов: «Маған да бұл жердегі басқару деген сөз ұнамайды. Бұл батырманы жай ғана басу емес, ережелерді әзірлеу. Біз бәріміз болжамдылықты, жалпы ережелерді түсінуді қалаймыз. IGF – бұл адамдар сағаттарды салыстырып байқайтын, қандай ережелер, қандай түзетулер қажет екенін түсінетін орын», – деп өз көзқарасын білдірді.

Ал RIPE NCC қоғамдық саясат пен қоғаммен байланыс жөніндегі аға қызметкері Ваан Овсепян: «Интернет қозғаушы күш құралы болып табылатын бүгінгі цифрлық шындық әлемі бізге цифрлық революция дәуіріне өтуге мүмкіндік береді. Кейде сіз қандай да бір шешім қабылдамауыңыз мүмкін, бірақ шешімдер сіз үшін қабылданады. Сіздің жұмысыңыз, танысуыңыз, тіпті некені тіркеу, мұның бәрі қазір интернетте жүзеге асырылады. Сізден интернетті басқару форумына белсенді қатысуыңызды сұраймын, себебі бұл тек ұлттық алаң ғана емес, ол сіз үшін өңірлік және халықаралық алаңдарға шығу бойынша бастама бола алады», – деді.

Қазақстан үздіктер көшін бастады

Қазақстан сандық басқару саласындағы жаһандық аренадағы өз позициясын соңғы жылдары қарқынды түрде нығайтып келеді. БҰҰ-ның биылғы Жаһандық электрондық үкімет рейтингінде 193 мемлекеттің арасынан 24-орын алып, өз көрсеткішін 4 сатыға жақсартты. Онда тек Орталық Азия республикаларынан ғана емес, Швейцария (26), Түркия (27), Франция (34), Қытай (35) сияқты елдерден де алда тұр.

Эстонияның Орталық Азия елдеріндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі Яап Оранын сөзіне қарағанда, бұл рейтингте екінші орында тұрған Эстония ғаламдық трансформацияның пионері саналады. Толыққанды сандық қоғамға қолжеткізген ел ретінде олар өз тәжірибесін Қазақстанмен де бөлісті. Сандық қоғамның ашықтық, тиімділік, қауіпсіздік принциптерінің жақтаушысы ретінде Қазақстан бұл бағыттағы қарқынды дамуына бірге қуана отырып, болашақта үздік үштіктен көрінуіне тілекші болып отыр.

Сандық құқықтарды сақтау рейтингісі шықты

Қазақстандағы Fintech, E-commerce және Telecom секторларындағы онлайн платформалардың 2024 жылғы Сандық құқықтарды сақтау рейтингінің (Digital Rights Rating) нәтижесі жарияланды. Digital Rights Center Qazaqstan (DRCQ) заң фирмасының сарапшылары бұл рейтингті бағаланатын компаниялардың саясаты мен тәжірибесін бағалауға бағытталған тәуелсіз зерттеу жүргізу үшін 2023 жылы бастаған болатын. Компаниялардың адам құқықтарын сақтау жөніндегі қоғамдық ұстанымы мен саясатын зерттеу үшін ұйымдастырушылар компаниялардың ресми веб-сайттарын, бас компанияларды компаниялар тобының веб-ресурстарын пайдаланды. Рейтингті құрудың мақсаты зерттелетін компаниялар үшін пайдаланушылардың сандық құқықтарын сақтаудың халықаралық стандарттарын сақтау бойынша нақты қадамдар ұсыну болып табылады. Бұл бірінші кезекте олардың пайдаланушылары тарапынан веб-сервистерге деген бейілділігі мен сенімділікті арттыруға ықпал ететін болады.

Дәстүрлі түрде жыл сайын жасалатын бұл рейтингте компаниялардың өздері ғана емес, сонымен қатар олардың жеке өнімдері мен қызметтері, соның ішінде мобильді құрылғылардың экожүйелері де қарастырылған. Ол мемлекеттік органдармен қарым-қатынас мән-мәтінінде ақпаратты ашуға, адамның сандық құқықтарын қорғау стандарттарын сақтауға, сондай-ақ пайдаланушылардың ақпарат бостандығы мен жеке өмірінің құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында шаралар қабылдауға бағытталған. Онда зерттелетін сұрақтар корпоративтік басқару, өзін-өзі таныту және ақпарат бостандығы, құпиялылық сияқты үш индикатор бойынша топтастырылды. Рейтингте биыл FinTech секторындағы Freedom Bank, E-commerce секторындағы YandexGO доставка, Telecom секторында Kcell/Active компаниялары үздік деп танылып отыр.

DRCQ заң фирмасының директоры Руслан Дайырбековтың айтуынша, рейтинг компанияларға корпоративтік жауапкершіліктің келесі деңгейіне өтуіне және пайдаланушылардың цифрлық құқықтарын сақтау мен қорғау деңгейін арттыру үшін қандай қосымша күш салу керектігін түсінуге мүмкіндік береді. Ranking Digital Rights индикаторларының призмасы арқылы және жоғарыда келтірілген ұсыныстарды сақтау арқылы, қарастырылып отырған компаниялар өз қызметтерін қазақстандық digital-нарығында ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде де ұсыну мүмкіндігін ашып, өз беделіне сенімді бола алады.

«Сандық қызметтерді дамыту және деректердің үлкен көлемін пайдалану арқылы біз клиенттің банкпен қарым-қатынасын едәуір жеңілдетеміз. Бұл ретте біз деректердің үлкен массивтерін өңдеу кезінде олардың қауіпсіз сақталуын қамтамасыз ету біздің басты міндетіміз екенін түсінеміз. Құпиялылықтың жоғары деңгейін сақтау үшін біз айтарлықтай қаржылық және адами ресурстарды саламыз және сандық құқықтарды сақтау саласындағы халықаралық стандарттарын ұстанамыз. Freedom Bank компаниясының FinTech секторындағы Privacy Compliance саласында үздік компания ретінде танылуы біздің ашықтық пен пайдаланушылардың құқықтарын қорғауға деген ұмтылысымызды көрсетеді», – дейді Freedom Bank Директорлар кеңесінің мүшесі Айдос Жұмағұлов.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Зан газеті»

• РЕФОРМА

«ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына кассациялық соттарды құру жөнінде толықтырулар мен өзгерістер енгізілген. Яғни, ҚР Жоғарғы Сотының кассациялық саты ретіндегі жұмысы тоқтатылып, жаңа кассациялық сот құрылады.

САПА КӨТЕРУДІҢ ЖАҢА САТЫСЫ

Сәйкесінше ҚР Жоғарғы Соты жергілікті және басқа да соттардың соттылығына жататын азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және өзге де істер бойынша Жоғарғы сот органы болып, заңда көзделген жағдайларда өзінің соттылығына жатқызылған сот істерін қарауды және сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірмелер беруді жүзеге асырады.

Жаңадан құрылатын кассациялық соты төраға мен судьялар құрамымен бекітіліп, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша дербес сот төрелігін жүзеге асыратын болады. Сонымен қатар, Конституциялық заңмен кассациялық сотта мамандандырылған құрамдардың құрылуы мүмкіндігі қарастырылып, олардың құрамын жасақтау кассациялық сот төрағасының өкілеттілігіне берілген.

Бұдан басқа, кассациялық сотта жалпы отырыс органы мен судья лауазымына кандидаттардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін бағалау үшін – Соттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңес құрылады.

Кассациялық соттың жалпы отырысы – кассациялық сот төрағасының ақпаратын тыңдау; сот практикасын талқылау және оны жинақтау қоры-

тындылары бойынша төмен тұрған соттардың сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықты сақтау мәселелерін талқылау; сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін облыстық соттың сот алқасының төрағасын, облыстық сот төрағасын, кассациялық сот судьясын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылау және заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Кассациялық сот судьясы ретінде тағайындалуы үшін азаматтың – заңгерлік кәсібі бойынша кемінде он сегіз жыл жұмыс өтілі немесе кемінде сегіз жыл судьялық жұмыс өтілі, оның ішінде облыстық сотта кемінде үш жыл судьялық жұмыс өтілі болуы тиіс.

Ал, кассациялық сот төрағасы – судья міндеттерін атқарумен қатар, сотта сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешу; кассациялық соттың жалпы отырыстарын шақыру және оларға төрағалық ету; азаматтарды жеке қабылдау; сот практикасын зерделеуді ұйымдастыру және заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Кассациялық сотты құрудың



Аян КЫСАЕВ,
Ақтөбе қаласының
№2 сотының судьясы

басты мақсаттарының бірі ол істерді алдын ала қараусыз бірден кассациялық саты сотының қарауына жолдау.

Демек, тараптар заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхаттың орнына, кассациялық шағым береді. Бұл алдағы уақытта «бірінғай» кассация тетігінің орын алуына ықпал етеді.

Кассациялық сот – сот істері мен материалдарын кассациялық сатыдағы сот ретінде қарауды; сот практикасын зерделеуді және оны жинақтау қорытындылары бойынша төмен тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықтың сақталу мәселелерін қарауды және заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Сәйкесінше, дербес кассациялық саты сотын құрудың басты бағыты, сот төрелігін іске асыру сапасын арттырып, азаматтардың соттарға деген сенімін нығайту.

• ПӘРМЕН

Сот төрелігін әділетті әрі тиімді жүзеге асыру жайлы сөз қозғағанда ең алдымен сот актілерінің орындалу жайы көлденеңдейді. Себебі, бұл – құқықтық практиканың маңызды бөлігі. Осы ретте жеке сот орындаушыларына жүктелетін міндет үлкен.

ЗАҢНАН ҚАШУ ҚАРЫЗДЫ ЖЕҢІЛДЕТПЕЙДІ



Аксер ИЗЕМБАЕВА,
Алматы облысының
жеке сот орындаушысы

Сот актілерін межеленген мерзімде сапалы орындау жеке сот орындаушыдан кәсібилікті талап етеді. Оған қоса оларға мемлекет кірісіне өндіріп алу қызметін жүктейді. Бұл мәселеде қаулыны орындаудың да өзіндік қиындықтары жетеді. Алайда, жеке сот орындаушылар қай кезеңде болсын өздерінің алдына қойған міндет-мақсаттарды мұлткісіз орындап келеді.

Қызмет барысында олар оны орындау әрекеттерін реттейтін заңдарды қолдану тәртібін, аталмыш санаттағы орындаушылық іс жүргізу бойынша

туындайтын мәселелер және оларды шешу мүмкіндіктері мен өзара ынтымақтастық тәсілдерін үнемі талқыға салып отырады.

Қазіргі таңда мемлекеттік кірістер органдарының ақпаратты жүйелері дамыды және салықтық, кедендік әкімшілендірудің тиімді, әрі үйлестірілуі құралы бар. Өкінішке қарай, осындай мүмкіндіктері бола тұра көп борышкерлер сот шешімдерін орындаудан жалтапырып, тиісті мекеме қызметкерлерінің жүгін ауырлатады.

Заңды айналып өтудің әртүрлі тәсілдерін іздестіреді. Бұл келесі талапкер тараптың да, сот орындаушыларының жұмысына деген сеніміне селкеу түсіреді, көңіліне күдік ұялатады. Мұның бәрі мәжбүрлеп орындату мәселесінің өзектілігін арттырады.

Атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату кезінде міндетті сот актісінен бөлек өсімпұлдар мен жеке сот орындаушылардың қызмет ақысы да қосылады. Мұның бәрі жауапкердің салғырттығының салдары. Алайда оны көп ретте ол азаматтар түсіне бермей уақытты озырып, өңбес дауды қуып жүре береді. Сол себепті де сот актілерінің мерзімі кей жағдайларда созылып жатады.

Қазіргі таңда жеке сот орындаушылардың біліктілігі мен кәсіби деңгейін көтеру мәселелері жіті жолға қойылған. Кез

келген жеке сот орындаушысы әрбір сот актісін орындатарда бүкіл жағдаймен мұқият танысады, білім-білігін қай бағытқа салу керектігін заң негізінде жоспарлайды. Кез келген азамат шағын несие аларда болашақта алдынан шығады дейтін мәселелерді міндетті түрде білуге тиіс. Заңнан қашу жазаны жеңілдетпейді. Керісінше істі одан әрі күрделендіреді. Мұндай жағдайда жеке сот орындаушылар мәжбүрлеп орындату жұмыстарын атқарады.

Мәжбүрлеп орындату шаралары нақтыланған. Борышкердің меншігіндегі мүлікке немесе ақшасына, құнды қағаздарына тыйым салу да жеке сот орындаушылардың құзыретінде. Менің өндірістік тәжірибемде 810 іс бойынша 24 134 482 сомма болды. Олардың 378 ісі атқарылып, мемлекеттік кіріске 8 353 949 теңге түсті. Қазіргі таңда 429 іс негізінде 15 695 384 теңге қалды. Бұл бағытта да жіті жұмыстар атқарылып жатыр.

Алматы облысының жеке сот орындаушылары сот шешімдерін орындатып, мемлекеттік кіріс есебіне қарыз өндіру ісінде ел заңдарын негізге алады. Борышкерге әртүрлі мүмкіндік пен мерзімдер қарастырады. Бірақ заң Қазақстан азаматтарының бәріне ортақ. Сондықтан да оны орындау, өзіне жүктелген міндетті өтеу – парыз.

• ТАЛҚЫ

НЕГІЗСІЗ БАЮДЫҢ ТӨРКІНІН ТҮСІНУ ӨЗЕКТІ

Қазіргі кезде азаматтық айналымда шарттық міндеттемелермен қатар, азаматтық құқық субъектілерінің мүдделерін қорғауда, шарттық емес міндеттемелерін пайдалану көбейгендігі мәлім. Азаматтық құқықта шарттан тыс қорғаушылық міндеттеменің бірі – негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер. Оның мақсаты – меншікті қорғау.

Азаматтық құқықтарды сақтау мен қорғау азаматтық заңнаманың негізгі міндетінің бірі. Сақтау мен қорғау – байланысты түсініктер. Сақтау мен қорғау – бұл бұзушылықты болдырмау үшін, оны тоқтату, оның ортақ қауіпін жоюға қабылданатын шаралар жүйесі. Алайда бұзушылық жасалған не нақты болжанған ретте, қорғау туралы айтуға болады. Расында да, субъективтік құқықтарды сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету, бұл азаматтар құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыру кепілдігі. Азаматтық кодекс азаматтық құқықтар бұзылған жағдайда қорғау жөніндегі нақты шараларды қарастыратын нормаларды қамтиды.

Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер шарттан тыс міндеттемеге жатады. Себебі, міндеттемелер шарттан емес, негізсіз баю фактісінен туындайды. Негізсіз баю институтының басты қағидасы – азаматтық айналым қатысушыларының құқықтарын, олардың мүліктік саласын қолсұғушылықтан қорғау.

Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелердің қолданыстағы құқықтық түсінігі Азаматтық кодекстің 953-бабының 1-тармағында қарастырылған: «Заңдармен немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз мүлікті басқа тұлғаның (жәбірленушінің) есебінен иеленіп алған немесе жинаған тұлға (сатып алушы), негізсіз иеленіп алынған немесе жинақталған мүлікті (негізсіз баю) алдыңғысына қайтаруға міндетті».

Анықтамаға сүйенсек, негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемеде кредитор болып жәбірленуші, борышкер болып – сатып алушы (негізсіз иеленіп алған немесе жинаған тұлға) анықталған. Азаматтар мен заңды тұлғалар қаралып отырған міндеттеменің субъектілері болуы мүмкін.

Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелердің негізгі мақсаты, негізсіз мүліктік пайда алған, сатып алушы мен жәбірленушінің мүлік саласын қалпына келтіруі, сондай-ақ сатып алушы үшін негізсіз жинақталған мүлікті жәбірленушіге беру.

Азаматтық кодекстің 953-бабы 1-тармағын талдау нәтижесінде, негізсіз баю немесе мүлікті жинақтау салдарынан туындайтын міндеттемелердің нақты құрамы, келесідей белгілерден құралады:

Бір тұлға мүлікті басқа тұлғаның есебінен иеленіп алады немесе жинақтайды;

Мүлік заңнама немесе мәмілемен белгіленген негіздерсіз алынады.

Мүлікті негізсіз иеленуге (жинақтауға) әкеп соғатын әрекеттер сан алуан. Бұл жәбірленушінің өзінің әрекеттері болуы мүмкін: өзгенің борышын төлеу, төленген салықты қайтадан төлеу және т.б.; үшінші тұлғалардың әрекеттері (жүкті жүк құжатында көрсетілген алушыға емес, қате басқа тұлғаға беру және т.б.); мүлікті сатып алушының (иеленушінің) өз әрекеттері (бір тектес тұлғаның атына келген, пошталық аударуды алу және т.б.).

Әрекеттер заңды, сондай-ақ, заңсыз болуы мүмкін. Егер сенім білдірілген өкіл сенім білдірушінің тапсырмасын жетік зерттемей, соңғысының борышын несие берушіге емес, басқа тұлғаға табыстаса, онда бұл



Алтынгүл НАЗАРКУЛОВА,
Темір аудандық сотының
төрайымы

айқын заңсыз әрекет болып танылады. Бірақ, егер сенім білдіруші өзі қателесіп тапсырма шартында басқа тұлғаны көрсетсе, онда сенім білдірілген өкілдің әрекеттері заңды.

Негізсіз баю басқаның мүддесіне іс-әрекет жасау салдарынан да туындауы мүмкін. Мәселен, егер әрекеттер тікелей басқаның мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған болса, оның ішінде оны жасаған адам өз мүддесіне іс-әрекет жасағанын қате болжаған жағдайда да басқа адамның негізсіз баюына әкеп соқтырады (АК-тің 862-бабы).

Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер сан алуан. Мәселен, су тасқыны, дауыл және т.б. Әрекет пен оқиғаның айырмашылығына келетін болсақ, әрекет – адамдардың іс-әрекеттеріне байланысты болса, ал оқиға адам әрекетіне байланысты емес. Сонымен, негізсіз баюдың тетігі төмендегідей:

Біріншіден, негізсіз баю адамның мінез-құлқы салдарынан ғана болмай, сонымен қатар табиғат күшінің әсерімен және т.б. болуы мүмкін. Екіншіден, негізсіз баю жәбірленушінің мінез-құлқы нәтижесінде пайда болуы, бұл жағдай оның мүлкінен айырылуына және керісінше, басқа тұлғада жинақталуына себеп болады. Үшіншіден, негізсіз баю – үшінші тұлғалар әрекетінің нәтижесі болуы мүмкін. Мысалы, борышкердің міндеттемесін үшінші тұлғаның орындауы және т.б.

Ал негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер негізіне:

- бір тұлғаның басқа тұлға есебінен мүлікті иеленуі немесе жинақтауы;
- заңды негіздердің болмауы немесе кейін жоққа шығуы;
- негізсіз байлықты алушы тұлғада басқаның мүлігін иелену немесе сақтап қалу ниетінің болмауы жатқызылады.

Мысалы, Темір аудандық сотының өзінде 2024 жылдың 9 айында негізсіз баю салдарынан келтірілген шығындарды өндіру туралы 4 талап арыз түсіп, 2 іс қаралған. Бір іс шешім шығарумен және 1 іс медиациямен аяқталған. Қалған 2 іс қаралу сатысында. Бұл жерде осы тектес талап арыздардың сотқа түсуі жиілегенін атауға болады. Бұл мәселені көтеріп отырған себебіміз қарапайым халық негізсіз баю арқылы кейбір азаматтардың пайда тауып отырғанын, кей кезде тіпті алаяқтыққа ұласып жатқан қылмыстардың болатынын білгені жөн деп есептеймін.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

• БАСТАМА

Президент жолдаулары мен республика съездерінде көтерілген мәселелер, берілген тапсырмалар бойынша тыңғылықты жұмыстар жүргізіліп, нақты іс-шаралар жасалуда.

Тәжірибе көрсеткендей, істерді кассациялық сатыда қарау жүйесіне сын көп айтылды. Себебі, кассациялық сатыда барлық істерді қарауға мүмкіндік болмады. Мәселен, Азаматтық процесстік кодексіне сай оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған, татуласу рәсімімен аяқталған, талап қою сомасы 2000 АЕК-ден кем болған кезде жеке тұлғалардың және талап қою сомасы 30 000 АЕК-ден кем болған кезде заңды тұлғалардың мүліктік мүддесіне байланысты істер, сондай-ақ, қылмыстық сот ісін жүргізуде қылмыстық теріс қылық туралы істер кассациялық сатыда қаралмай келді.

Ал, Ата Заңымыздың 13-бабының 2-бөлігінде әркімнің өз құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғауға құқығы бар деп көрсетілген. Кассациялық сатыдағы тәртіп азаматтардың конституциялық құқығына қайшы болды. Мұны Президентпен кездесу барысында бизнес өкілдері ашық айтты. Көпшілік пікіріне құлақ түрген Мемлекет басшысы дербес

ДЕРБЕС КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРДЫ ҚҰРУ МАҢЫЗДЫ

кассациялық инстанция құру мәселесіне арнайы тоқталып: «... Бүгінде қылмыстық және азаматтық істердің небәрі 5 пайызы ғана кассацияға жолданады. Бұл өте аз әрі азаматтардың сұранысына сәйкес келмейді. Сондықтан заңгерлер және кәсіпкерлер қоғамдастығымен өз алдына бөлек кассациялық инстанция құру мәселесі жөнінде кеңес өткізу қажеттігі пісіп жетілді деп ойлаймын», – деген болатын.

Қоғам қажеттілігі мен заман талабына сәйкес, жақында «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңына кассациялық соттар жөнінде жаңа нормалар енгізілді. Соған орай, 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап Астанада қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі үш кассациялық сот жұмысын бастамақ.

Кассациялық сотта жұмыс істейтін судьяларды іріктеуде олардың қызметін жүйелеуге қатысты талаптар нақтыланды. Кассациялық соттарды Қазақстан Республикасының Президенті құрады. Құрылым Кассациялық сот төрағасынан және судьялардан тұрмақ. Сәйкесінше бұл сотта заң саласындағы жұмыс өтілі



18 жылдан кем емес, судья лауазымындағы жұмыс өтілі 8 жылдан кем емес, соның ішінде, облыстық сот судьясы ретінде 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар үміткерлер іріктеледі. Мұндай жоғары талаптың өзі кассациялық сотқа тек тәжірибесі жоғары, біліктілігі зор судьялардың таңдалатынын көрсетеді.

Жаңа сот сатысын енгізу – сотқа деген сенімді одан әрі нығайту кепілі.

Айнагүл УСЕРБАЕВА,
Бейнеу аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

• БАЗЫНА

ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ ҚАУІП ОРАСАН

Орталық Азияның климаттық өзгеруіне байланысты табиғи апаттарға төтеп беру қабілетін арттыру бойынша 2019 жылы басталған бесжылдық бағдарламаның нәтижесі белгілі болды. Бұл «Орталық Азиядағы қаржылық тұрақтылықты нығайту мен апаттар қаупін азайтуды жеделдету» деп аталатын бағдарламаның Алматыдағы өңірлік қорытынды форумында айтылды. Бұл бағдарлама Еуропалық Одақтың қаржыландыруымен Апаттар қаупін азайту және қалпына келтіру жөніндегі жаһандық қор (GFDRR) мен Дүниежүзілік банк бірлесіп жүзеге асырған болатын. Өңірлік қорытынды форумды бағдарлама серіктестері мен БҰҰ-ның Балалар қоры (ЮНИСЕФ) Алматыдағы Төтенше жағдайлар пен апаттар қаупін азайту орталығының (ТЖАҚАО) қолдауымен ұйымдастырылды.

– ТЖАҚАО – өңірдің өзекті мәселелерін бірлесіп шешуді қамтамасыз етуге арналған өңірлік платформа. Орталықты бағдарламаны іске асыруға тарта отырып, Дүниежүзілік банк өңірлік тәсілді қолдады. Бұл тәсіл ортақ мәселелерді тиімді шешуге және тұрақты нәтижелерге қолжеткізуге мүмкіндік береді. Өңірлік деңгейдегі күш-жігерді біріктіру ресурстарды оңтайландырып, оларды неғұрлым мақсатты түрде пайдалануға жол ашады. Ал бұл тұтастай алғанда Орталық Азиядағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға әкеледі, – деді Төтенше жағдайлар мен апаттар қаупін азайту орталығының директоры Серік Әубәкіров.

«Еуропалық Одақ осы өңірлік форумға өңірдегі апаттар қаупін басқаруды және оларға дайындықты нығайтуға деген ортақ бейімділігімізді көрсету үшін қатысып отыр. Еуропа мен Орталық Азия – климат өзгеруінің ең шиеленіскен салдарына ұшырайды деп болжам жасалып отырған өңірге жатады. ЕО өңірлік ынтымақтастықты дамытуды, климат өзгеруінің салдарын жұмсартуға және оларға бейімделуге бағытталған күш-жігерді қолдауды, орнықты дамуға жәрдемдесуді, гендерлік теңдікті, адам құқықтарын, сондай-ақ жастар мен маргинальданған топтардың мүмкіндіктерін кеңейтуді жалғастырады. ОАҚТНАҚАЖ бағдарламасы – осындай ынтымақтастықтың көрінісі. Ол Орталық Азияға климаттың өзгеруіне байланысты проблемаларды

жеңілдетуге көмектесе алады», – деп санайды Қазақстандағы Еуропалық Одақ елшісі Алешка Симкич ханым.

«Еуропалық Одақ қаржыландыратын ОАҚТНАҚАЖ бағдарламасын іске асырудың негізгі нәтижелерінің бірі табиғи қатерлер туралы өңірлік дерекқорды құру, сондай-ақ оларға бейімділік пен осалдық туралы егжей-тегжейлі деректер жинау болды. Бұл ақпарат болашақ қауіптерге қауымдастықтардың дайындық деңгейінің жоғарылауына кепілдік бере отырып, табиғи апаттарға дайындықты қамтамасыз ету мен іс жүзіндегі деректерге негізделген жоспарлау үшін аса маңызды болып табылады», – дейді Дүниежүзілік банктің Орталық Азиядағы операциялық менеджері Инду Джон Абрахам ханым.

Оның айтуынша, Төтенше жағдайлар жөніндегі өңірлік ғылыми-техникалық кеңесті құруды қолдаумен қатар, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан мен Түрікменстанда елдер арасындағы ынтымақтастық пен білім алмасуды жақсартуға мүмкіндік беретін іс-шаралар өткізілді. Бағдарлама шеңберінде Орталық Азия өңірі үшін 70-тен астам деректер жиынтығын, оның ішінде бейімділік пен осалдық туралы ақпаратты, сондай-ақ жер сілкінісі мен су тасқыны туралы деректерді қамтитын табиғи апаттар қаупін өңірлік деңгейде келісе отырып жасаған тұңғыш бағалау әзірленді. Қауіпті бұлай бағалау үкіметке қауіп-қатерді басқару және апаттарға дайындық бойынша ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға көмектеседі. Бағдарлама шеңберінде сондай-ақ, елдерге табиғи апаттардың қаржылық және бюджеттік салдарын тиімдірек басқаруға мүмкіндік беретін табиғи апаттар қаупін қаржыландыру жөніндегі шешімдерді әзірлеуде қолдау көрсетілді.

Жер сілкінісі, су тасқыны, көшкін, қуаңшылық пен экстремалды ауа райы құбылыстары сияқты табиғи қауіптердің алдында Орталық Азияның осалдығы аса жоғары. Халықаралық қауымдастықтардың есебіне қарағанда, бұл өңірде соңғы 30 жылда орын алған 150-ден астам елеулі апаттан шамамен 11 миллион адам зардап шегіп, тікелей залал 4 миллиард доллардан асты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• ШАРА

Жақында №172 мектеп-гимназиясында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» атты мерекелік кеш болып өтті. Кешке «Думан» ықшамауданының қадірменді қарттары жиналды. Бұл жиынның мақсаты: жас буын бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіре отырып, үлкенге құрметтің кішіге ізет екендігін ұғындыру, сонымен қатар салт пен дәстүрдің мол сабақтастығын дарыту.



ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ

Мектебіміздің 5-сынып оқушылары дайындаған концерттік бағдарлама жоғары дәрежеде өтті. Күмбірлеген күй шертіліп, әсем ән айтылып, мың бұрала билеген биші қыздардың биін көргенде ата-апаларымыздың жүзіне шаттық орнап, бір сәт маркайып қалғандай сезілді. Жесірін жылатпаған, жетімін қаңғыртпаған халқымыз үшін көнекөз қарияларымыз бен ақ жаулықты аналарымыздың рөлі қашан да ерекше. Қай кезде болмасын баланың тілеуін тілеп, жүзінен нұр шашып тұратын көнекөздеріміздің қатары сиреп бара жатқаны жасырын емес. Қолда барда алтынның қадірі жоқ дегізбей, қасымда жүрген даналарымызды қуантуға тырысеудың өзі бір бақыт!

Қазақ – қашан да қартын қадірлеген

ұлы халық десек, кеудесі алтын сандық іспеттес ата-әжелерімізді құдды бір том-том кітап дерсіз. Атадан балаға жалғасып келе жатқан шежірелерден сыр шерткенде, киссалар мен жырларды, аңыз бен әңгімелерді қисынына келтіріп айтқанда танды таңға жалғауға болатындай. Міне, осы қасиеттің бәрі бүгінгі ұрпаққа үлгі, өнеге. Тәрбиенің өзін «ұят» деген бір сөзге сыйдыра білген қарттарымыздан үйренеріміз өте көп. Бар ғұмырын бала-сының жолына құрбан еткен қаншама ақсақал аталарымыз бен ақжаулықты әжелерімізді «қарттар үйі» деп аталатын қадірсіз мекенге апарып тастаудың өзі безбүйректікті көрсетеді. Қарт адамға жасалған құрмет қашан да бағалы, орынды. Бір ауыз жылы сөзге балаша қуанғанда-

рын көргенде еріксіз көзімізге жас келді. Баталарын аямай жаудырып, тіпті әндетіп ризашылықтарын білдірген әжелерімізді көргенде еңбегіміздің ақталғанына тағы бір рет көз жеткізгендей болдық.

Кеш соңында қонақтарға кішкентай суретшілер қолынан шыққан тамаша туындылар сыйға тартылса, кеш қонақтары ризашылықтарын батамен төгілті. Мектебіміздің директоры Әлия Сбанқұлқызы өз құттықтауын арнап, қарттардың орны қай кезде де төр екендігін айта келе, қонақтарға ұзақ ғұмыр мен мықты денсаулық тіледі.

Б.СҰЛТАНҒАЗИЕВА,
№ 172 мектеп-гимназия
директорының орынбасары

• ОҢ КАДАМ

КӨШПЕЛІ КЕЗДЕСУЛЕР ШАҒАР ТЫНЫСЫН АШТЫ

Түйткілді мәселелердің дер кезінде шешілуі үшін бірінші кезекте халықтың үніне құлақ асу қажеттілігі жиі айтылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үнемі назарға алатын өзекті мәселелерді шешуде Шымкентте халықпен кездесудің жаңа түрлері мен форматтары жүйелі түрде қолға алына бастады.

Атап айтқанда, әдеттегідей шағын аудандарда мәдениет үйлерінде немесе әкімдік ғимараттарында ұйымдастырылатын халықпен кездесу шаралары бүгінде қарапайым түрде далада ұйымдастырылуда. Қала әкімдігінің мамандары мұндай кездесу халықтың көбірек қатысуына мүмкіндік беретінін айтады.

Халықтың ұсыныс-тілектері мен арыз-шағымдарын тыңдау әрі оны шешу жолдарын жүзеге асыру мақсатында жаңа форматтағы халықпен кездесулер жүргізіле бастаған. Мәселен жақында қала әкімі Ғабит Сыздықбеков Абай және әл-Фараби аудандарының тұрғындарымен көшпелі кездесу өткізді.

Тұрғындар көптен көтеріп, әлеуметтік желілер арқылы өткір сын садағына ұшыраған жағдайлар бойынша әкім өзекті мәселелер туындаған шағын аудандарға арнайы барып, халықпен бетпе-бет жүздесті. Жаңа форматтағы алғашқы көшпелі кездесулер Абай ауданындағы Самал-2, Шұғыла, Ынтымақ-2, Қызылжар, Жайлау және

Алтынтөбе сынды шағын аудандар мен тұрғын алаптарында өткізілді. Кездесу барысында қала тұрғындары көпшіліктің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, қаланы дамыту жайындағы ұсыныстарын ортаға салды.

Көшпелі кездесулер барысында, әсіресе, әлеуметтік мәселелер жиі көтерілді. Атап айтқанда тұрғындар шағын аудандарда мектеп, шағын футбол алаңы, мешіт, балабақша және мәдениет үйлерін салу мүмкіндіктері жөнінде өткір сауалдарын қойды. Тұрғындардың айтуынша халық санының көбеюінен қосымша әлеуметтік нысандарды салу қажеттігі туындаған. Сондай-ақ жас ұрпақтың бұқаралық спортпен шұғылдануына мүмкіндік беретін спорт алаңдарының құрылысын салу қажеттігі аталды. Бірқатар халықты толғандырған сауалдар сол жерде тиісті сала өкілінің қатысуымен бірден шешімін тапса, енді бір мәселелер қала әкімінің жеке бақылауына алынды. Аса түйткілді мәселелер жоғарыда аталған аудандардың әкімдігі мен тиісті құзырлы басқармалардың



басшыларына ескертіліп, келесі жылдың жұмыс жоспарына міндетті түрде енгізу қажеттігі тапсырылды.

Қала әкімдігінің мәліметінше жаңаша форматтағы көшпелі кездесулер ендігі кезекте тұрақты түрде әрі қаланың әр аудандары мен жақын маңдағы елді мекендерде туындаған өткір мәселелерді дереу шешу мақсатында жалғаса береді.

Жаңаша үлгідегі көшпелі кездесулер Шымкент қаласының Шығыс,

Ескі қалашық, Химфарм шағын аудандарының Жандосов, Жібек жолы және Иляев көшелері тұрғындарымен жалғасты. Билік пен бұқараның бетпе-бет кездесулері бірден түйткілді жайттар жөнінде өзара сұрақ-жауап түрінде басталды. Атап айтқанда, аудан тұрғындары аулалардың аумақтарын абаттандыру және көгалдандыру, шағын аудандардағы көптен жөндеу

тар шағын аудандарында туындаған көшелерді жарықтандыру, аулаларды абаттандыру мәселелері қала тұрғындарының өмірі мен қауіпсіздігі үшін аса маңызды болғандықтан, қолайлы жағдаймен қамтамасыз ету әкімдіктің басым міндеттерінің бірі болып қала беретінін жеткізді.

Көшпелі кездесулер кезінде көтерілген аса маңызды жайттардың бірі қалада және қалаға таяу орналасқан ауылдарда халықтың көбеюінен автокөлік тұрақтарының жеткіліксіздігі, яғни, кеңейту қажеттігі туындаған. Сонымен қатар тұрғын үй қорын жаңғырту бағдарламасы шеңберінде тозған ескі үйлерге жөндеу жүргізу, жер учаскелерін заңдастыру, тұрғын үй кезегін қадағалау, жылу желілерін жөндеу және ирригациялық жүйелерге қатысты туындаған мәселелер көтерілді.

Тұрғындарға мегаполис басшысы қала аумағындағы үйлерді күтіп ұстау, жөндеу жұмыстарын уақытында жүргізу, жалпы тұтас қала аумағындағы тұрғын үй қорларын сақтауды қамтамасыз ету үшін тұрғын үйлерді басқару органы, яғни мүлік иесінің бірлестігін немесе серіктестікті міндетті түрде құру қажеттігін ескертті. Әкім тұрғындарға ашық диалогта ортақ мәселеге үн қатып, қаланың әлеуметтік және экономикалық дамуына тың серпін беретін идеялар мен тың ұсыныстары үшін алғысын білдірді.

Қала әкімдігі алдағы уақытта да «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты бағдарлама тұжырымдамасының тиісті түрде орындалуын қамтамасыз ету үшін халықпен тығыз қарым-қатынаста әрі жаңа форматта көшпелі кездесулер ұйымдастыру жұмысын одан әрі де жалғастыра бермек...

• БАҒДАР

ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Заң талаптарының орындалып, тұрмыстық әлімжеттік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында Шымкент қаласының полиция қызметкерлері жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Атап айтқанда «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» және «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» қабылданған заңдардың талаптарын орындау бағытында полиция әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін отбасының шырқын бұзғандардың құжаттарын сотқа жолдап, нақты ұйымдастыру шараларын жүзеге асыруда кешенді жұмыстарды қолға алған. Полиция департаментінің мәліметінше, бар ашуын отбасындағы балалары мен жұбайынан алатын ұр да-жықтарды анықтау мақсатында барлық аудандық Ішкі істер органдарына арнайы нұсқаулар жолданған.



– ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңына сәйкес, отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, тұрмыстағы құқық бұзушылыққа бейім тұлғаларды анықтау мақсатында аймақтық Ішкі істер органдарының «Азаматтардың арыз-шағымдарын тіркеу журналына», сонымен бірге «Ақпаратты есепке алу кітабына» түскен хабарламаларына тіркелген азаматтардың арыздарында, қоғамдық өкілдердің хаттарында көрсетілген жәйттерге, тұрмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылғандардың іс-әрекеттері, мінез-құлқына және тағы басқа ақпараттарға зерделеу жұмыстарын күнделікті жүргізу туралы Шымкент қаласы Полиция департаментінің Абай, әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау және Тұран аудандық ішкі істер бөлімдеріне арнайы нұсқаулар жолданды», – дейді Шымкент қаласы полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Полицияның ұсынған деректеріне сенсек тек жыл басынан бері ғана Шымкентте отбасылық жанжал кезіндегі туындаған оқиғалар үшін 4720 адам Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 73-бабымен әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Бұл орайда отбасындағы зорлық-зом-

былықтардың алдын алу бағытында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңның 20-бабы бойынша түрлі деңгейдегі жарақат алған жәбірленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 3972 адамға «Қорғау нұсқамасы» берілген. Бұдан бөлек полицияның ұсынысы негізінде отбасы мүшелеріне «жуан құдырығын» талай көрсетіп, қиянат қылған 653 адамға сот арқылы ерекше талаптар белгіленгенін атап өткен жөн.

Полиция отбасылық зорлық-зомбылықтар мен тұрмыстық қиянаттардың алдын алу мақсатында идеологиялық тәрбие беру жұмыстарына да баса мән беріліп келе жатқанын жеткізді.

– Барлық өткізілген мерекелік іс-шаралар идеологиялық мазмұны өскелең ұрпақты рухани-имандылыққа тәрбиелеу мен қазақстандық отбасының оң имиджін насихаттауға әрі оның үнемі назарда ұсталатынын паш етуге бағытталған. Үлгілі отбасыларын салтанатты қабылдаулар, кездесулер, белсенді өмір ұстанымы бар отбасылардың ата-ана ретінде көрсеткен өнегелі жолдарын тұтас қоғамдағы барлық отбасыларға, әсіресе жас отбасыларына жеткізу, оларға құрмет көрсету арқылы ұйымдастырылады. Отбасының оң бейнесін қалыптастыруға бағытталған көрнекі

әлеуметтік жарнамалар дайындалып, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерге жиі орналастырылады, – дейді полицияның баспасөз қызметі.

Полиция тұрмыстың ауыр тауқыметін тартып әрі тағдырдың жазуымен отбасында да жолы болмай әлімжеттік көрген зорлық-зомбылық құрбандарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуде басқа мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдар және қоғамдық бірлестіктермен өзара бірлескен іс-қимыл жасауды да жолға қойғанын атап өткен жөн. Аталған мақсатта шымкенттік тәртіп сақшылары арнайы зорлық-зомбылық құрбандарымен тиісті жұмыстар жүргізетін мүдделі органдармен, оқыту және ағарту-ақпараттық бағдарламасын өткізу жөнінде бірлескен жоспарлар құрған.

Онда сот, прокуратура және әділет органдарының қатысуымен «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР заңына сәйкес отбасындағы зорлық-зомбылықтардың алдын алуға бағытталған шаралар мен семинарлар ұйымдастыру және өткізу жоспарланыпты.

– ҚР Ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы бұйрығының талаптарына сәйкес, ақпараттық-ағарту науқаны аясында кешенді алдын алу шаралары ұйымдастырылады. Әсіресе, түсіндіру жұмыстары қаланың жоғары оқу орындарында, колледждер мен мектептерде, сондай-ақ түрлі еңбек ұжымдарында жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да халық арасында құқықтық түсіндіру жұмысын өткізу үшін «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР заңының нормаларын түсіндіру бойынша жыл басынан бері ғана 5800 ақпараттық-тарату материалдары дайындалып, үлестірілгенін атап өткен жөн, – дейді Шымкент қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі Бағлан Исатаева.

Бұл орайда тәртіп сақшылары қоғамдық тәртіпті, оның ішінде отбасылық зорлық-зомбылық оқиғаларының алдын алуға еріктілердің де еселі еңбегіне жүгінетінін атап өткен жөн. Волонтерлер қоғамның қауіпсіздігін сақтауға өз еріктерімен атсалысып, тұрақты түрде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуді міндетіне алған. Халық арасында учаскелік полиция инспекторларының және жалпы, Ішкі істер органдарының беделін арттыру, азаматтармен тығыз сенімді қарым-қатынас орнату және әкімшілік учаскеде криминалға жағдайды жақсартуға және олардың беделін көтеру мақсатында, полиция департаментінің жеке сайтында «Сіздің учаскелік полиция инспекторыңыз» айдарында барлық учаскелік полиция пункттерінің орналасқан жерін, телефондары мен жұмыс режимін, оларда қызмет ететін учаскелік полиция инспекторларының қызмет және ұялы телефон нөмірлерін, нысанды киімдегі суреттерін енгізу жұмыстары жүргізілген.

Полиция отбасылық зорлық-зомбылық оқиғалары негізінен әлеуметтік жағдайдың төмендігінен, сонымен қатар жұмыссыздықтың салдарынан болатынын айтады.

– Қылмыстық оқиғалар негізінен көшеде немесе өздерінің тұратын жерінде орын алып жа-

тады. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық пен қылмыстардың жасалуына көп жағдайда жұмыссыздық пен аз қамтамасыз етілудің салдары себеп болады, – деп толықтырды Шымкент қаласы Полиция департаментінің баспасөз қызметі. Тәртіп сақшылары көп жағдайда көкала қойдай болып әлімжеттік көрсе де, болған жайды барынша жасырып, полицияға да, өзінің туған-туыстарына да мәселені айтпай, жылы жауып қоя салатын оқиғалардың өкінішке орай көп екенін жасырмады. Бұл орайда полиция жәбірленушілерге құқықтық және психологиялық көмек беруді де қолға алғанын атап өткен жөн.

– Әйелдердің өз құқықтары туралы сауаттылығын арттыру мақсатында, отбасындағы зорлық-зомбылық, әйелдер мен балаларды жезөкшелікпен айналысуға тарту, жетегтайлықтың келеңсіз салдары, притондарда ұстау секілді түйткілді мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, – дейді Шымкент қалалық полиция департаментінің ресми өкілі.

Бұдан басқа, құқықтық сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында, халық арасында үгіт-түсіндірме жұмысы жүргізіліп, отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуға арналған өзекті әлеуметтік тақырыптар, сонымен бірге, әйелдердің құқықтары мен тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жариялануда.

Қоғамда әйелдерге және балаларға жасалына-тын зорлық-зомбылық мәселесін зерттеу мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізу де қолға алыныпты. Аталған мақсатта тұрмыстық зорлық-зомбылық тәсілі мен әдісін, сондай-ақ, оның туындау себептері мен салдары жайын анықтау мақсатында сұрақтар қойылып, оған 1840 респондент жауап берген. Әлеуметтік сауалнамаға Шымкент қаласының түрлі ұйымдары мен кәсіпорындарында – 395, жоғары және орта оқу орындарында – 1330 және жұмыссыз әйелдер арасында – 115 респондент қатысқан.

Полиция тұрмыстық жағдайда қағажу көріп, тұрмыстық жанжалдардың салдарынан мүгедектікке ұшырау жағдайларының алдын алу мақсатында ішкі істер бөлінісіндегі органдармен бірлесіп өзара іс-қимыл әрекеттерін жасауға да барынша назар аударған.

Ішкі істер органдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөнінде алты адамнан тұратын арнайы топ құрылған. Шымкент қаласындағы Полиция департаменті аталған мақсатта әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторлармен Абай, әл-Фараби, Еңбекші, Қаратау және Тұран аудандық Ішкі істер бөлімдерінде арнайы штаттық бірліктер енгізді. Әйелдерге қарсы жасалған зорлық-зомбылықтардың себептерін анықтау, сонымен бірге әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында учаскелік полиция инспекторларымен, криминалды полициямен, тағы басқа да ішкі істер органдары қызметкерлерімен байланыс және ынтымақтастық жұмыстары жүзеге асырылады. Шымкент қаласы полициясы бұл бағыттағы іс-шараларды одан әрі де жүйелі түрде жалғастыра бермек.

Бетті дайындаған Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• ФЕСТИВАЛЬ

ЫНТЫМАҚТЫ ЕЛДІҢ ЫРЫСЫ МОЛ

Шымкент қаласында қоғам арасындағы келісім мен қазақ еліндегі өзге этностардың татулығы ізгі шаралар арқылы кеңінен насихатталып келе жатыр. Оның айқын көрінісі – «Қазақ дастарқаны» фестивалі.



Өңірдегі ата дәстүрі мен салтын бүгінде барлық диаспоралар ұстана бастаған. Бұл Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен Қоғамдық келісім мекемесінің жанындағы барлық өзге этностардың қоғамдық этно-мәдени бірлестіктердің қатысуымен өткен дәстүрлі «Қазақ дастарқаны» фестивалінде айқын байқалды.

Қазақтың барлық әдет-ғұрыптары мен жол-жоралғыларын ондаған жылдардан бері бойына сіңіре бастаған түрлі этнос өкілдері қазақтың ұлттық тағамдары мен дәмдерін моншақтай

етіп әдемілеп алып шығып, жиналғандар алдында тарту етіп, дәстүрге сай құрмет-қошеметтерін көрсетті. Мемлекеттік тілдің майын тамызып, ұлттық тағамдар мен дәстүрлердің шығу жайлы көрген-түйгендерін айтып беріп, қазақтың құндылықтарын көпшілікке паш етті. Бұл жып-жылы көрініс әрине жиналған жұрттың жүректерін елжіретіп, ерекше сезім мен тебіреніс тудырғаны сөзсіз.

Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйымдастырған фестиваль аясында Шымкент қаласын мекендеген 17

бірдей этномәдени бірлестіктердің өкілдері қазақтың ет тағамынан бастап, үлпілдеген бауырсағын, жент, талқан-тары, құрт-ірімшік, айран, көмбе, үлпершек, бұқпа, қарын бөртпе сынды кейбірін көпшілік біле де бермейтін тағам түрлерін ұсынды. Бірқатарын көпшіліктің тап алдында көз ілеспейтін жылдамдықпен әрі зор шеберлікпен әзірлеп берді.

– Қазіргі уақытта бірнеше жылдардан бері дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан «Қазақ дастарқаны» фестивалі осы өңірдегі этностар арасындағы татулық пен достықтың айғағы. Біздің басты мақсатымыз – қазақтың ұлттық тағамдарын қайта жандандырып қана қоймай, әртүрлі этномәдени бірлестік мүшелерін осындай игілігі мол бастамалармен біріктіру, өзара қарым-қатынас жасауына, тату тіршілік етуіне ықпал етуге мұрындық болу. Бүгінгі шараны ұйымдастыру арқылы біз өңірдегі барша этностарды қоғамдық бастамаға ұйымдастыру арқылы қазақ халқының сонау ықылым заманнан бері келе жатқан қонақжайлылық дәстүрін дәріптеуді, рухани құндылықтарымызды жаңғыртуды көздеп отырмыз, – дей-

ді Өзбек этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Тахирбек Нишанбаев.

– Бұл өшкеніміздің жанып, санадан жоғала бастаған ата дәстүріміздің тіріле бастауына жасалған үлкен қадам. Ұрпағымыздың өз ұлтын сүюіне, өзінің ата тегі мен тарихын, ғұрпы мен салтын біліп, оны көзінің қарашығындай сақтауына негіз болатын шара деп ойлаймыз. Мұндай шара алдағы уақытта да ұйымдастырылып, жалпыұлттық сипатқа ие болуы тиіс, – дейді фестиваль ұйымдастырушылары.

Бір үйдің баласындай бір-бірімен еркін пікірлескен, бір дастарқан басында «Қазақ дастарқанынан» дәм татқан сан түрлі диаспоралардан тұратын қауымның есінен кетпес ерекше толқынысты басынан кешіргені сөзсіз. Фестиваль бір шаңырақ астында ортақ тарихты бастан кешірген, тағдыры мен тамыры тонның ішкі бауындай араласқан, достығы мен татулығы үйлескен этностардың үлкен мерекесіне айналды. Шара соңы танымал өнер жұлдыздарының концерттік бағдарламасына ұласып, кештің шырайын одан сайын аша түсті.

Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ



ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Кадастр Қазығұрт» ЖШС (БСН 140640024541) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауылдық округі, Қазығұрт ауылы, Мақатаев көшесі, 18-үй, пошта индексі 160300.

3. «Городской Арбитраж №1» ЖШС (БСН 200540001463) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Н.Савичев көшесі, 26/3-үй.

5. «TURAN YDKA» ЖШС (БСН 220840051246) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Тараз көшесі, 53-үй, пошта индексі 161200, тел. 87787061363.

6. «SBS Строй» (ЭсБиЭс Строй) ЖШС (БСН 070540015781) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 030005, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Авиагородок кварталы, 40-үй, электронды пошта: uristsbgroup@mail.ru, тел. 87019282883.

7. «SBS Steel» (ЭсБиЭс Стил) ЖШС (БСН 070440002072) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 030005, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Авиагородок кварталы, 40-үй, электронды пошта: uristsbgroup@mail.ru, тел. 87019282883.

8. «КазМебельГрупп» ЖШС (БСН 140242023778) (КР, Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 15-үй, ВП-15) өзінің таратылатыны ту-

ралы хабарлайды. Талап шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Луганский көшесі, 1-үй, нп 2А, тел. 87715060637.

МҰРАҒЕРЛІК

4. 2012 жылдың 5 тамызында қайтыс болған Төлепбергенұлы Қытайбектің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 87022334499.

ӘРТҮРЛІ

9. ХАБАРЛАНДЫРУ
ТҮРКИЯ РЕСПУБЛИКАСЫ АДАНА ҚАЛАСЫ
12-АЗАМАТТЫҚ БІРІНШІ ИНСТЕГИЯЛЫҚ СОТ
НЕГІЗГІ №: 2022/277 Е.
Талапкер: Адада губернаторлығының Инвестицияларды бақылау және үйлестіру дирекциясы
Ішкі жауапкер: Жансел Ал
Жауапты: Жансел Алдың қамқоршысы Асем Алиева
Соңғы белгілі мекенжайы: Сатбаева №2 Пөтер-11. Алматы/Казахстан
Істің мәні: Экспроприация құнын анықтау
Қорытындылай келе, біздің сотқа берілген өтініш пен алынған сараптама қорытындысынан; Талапкер Адада облысының Сарычам ауданына қарасты Сулука ауданындағы 1608 нөмірлі жылжымайтын мүлікті экспроприациялау құнын анықтауды және тіркеуді сұрады және алынған сараптама қорытындысында Жансел Алдың мұрагері Хайрия Алдың үлесі түсетін сумма 7.460,62 TL деп белгіленді, Жанселдің ата-анасы, Қазақстан азаматы Әсем Алиеваның мекенжайы зерттеулерге қарамастан анықталмағандықтан, өтініш пен сараптама қорытындысын көпшілікке хабарлау туралы шешім қабылданды; «№ 7201 Заңға сәйкес хабарлама хабарландыру жарияланған күннен кейін 7 күн өткен соң жасалды деп есептеледі, ал егер адам сараптама қорытындысы мен өтінішті хабарланған күннен бастап 2 апта ішінде қарсы шықпаса, ол қарсылық білдіру құқығынан бас тартты деп есептеледі».
(Тыңдалу күні 10.09.2024 сағат 09:30)

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PR» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупный көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ша/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (аудандан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

• БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы өткен санда)

Ойы пышырап, санасы шашыраған Батышты (бала кезінен солай атаушы еді) сабырға шақырған подполковник болған жайды асықпай тыңдап алып, ойланып отырып қалды. Сосын Батырбекке тесіле қарап:

– Ботагөздің үйіне сағат тоғызға таман барған екенсің. Ал, сен ше? – деп Әсемге бұрылды.

– Түнгі он бір жарым шамасында.
– Сонда оны тоғыз бен он бірдің арасында өлтірген болды. Пәтеріне кіргенде, ең алдымен көзіңе не шалынды?
– Ас үйге өттім. Үстел үсті жиылмапты. Екі адамның шәй, шампан ішкені көрініп тұрды, – деп Әсем бұл жолы күйеуіне еркінен тыс тесіле қарады.

Келіншегінің не айтқысы келгенін бірден түсінген Батырбек:

– Мен онымен шәй ішкен жоқпын. Бірден үлкен бөлмеге өттік. Шындығын айтқанда, мен бәрін орын-орнына қойып, соңғы нүктесін қойып, саған жеткенше асықтым.

Қайсенов:
– Әлде бұл кешегіден жиылмай қалған дастарқан ба екен? Не болса да, кім онымен шәй ішті, бұл іс соның қолынан келді ме екен? – деді терезе алдына тақап барып, біреуді іздегендей сыртқа қарай үңіле беріп.

Батырбек айтайын ба, жоқ па дегендей дүдәмалданып тұрды да:

– Мен кеше ол үйде болған едім, бірақта екеуіміз шәй ішпедік, – деді.
– Ал бүгін оның келген кісіге есік ашқанына қарағанда, ол жақсы танысы. Және де сол адаммен екеуі бірге отырып ішкен.

Батырбек бір нүктеге қарап ойланып отырды да, бір кезде селт етіп:

– Ал егер оның жүріп жүрген немесе одан үміттігі жігіті күтіп тұрып кірсе ше? Мен омістегі жағдайдан соң ұзаса араға жиырма минут салып Ботагөзге келдім. Онда болсам, бір он минут болған шығармын. Ботагөздің шапақ мінезі бар. Жігітімен қолма-қол сөзге келіп қалып, шартта-шұрт төбелесіп қалды ма екен? Бірде сөз арасында соңынан бір байшыкештің қалмай жүргенін айтып қалып еді...

Батырбектің ойына әлдене түсіп, Әсетке қоңырау шала бастады. Көпке дейін көтермей, трубканы әйелі көтерді.

– Ұйықтап жатса, оятып жіберіңізші. Өте жедел керек болып тұр.

Ұйқылы-оюу Әсеттен сұрап білгені – Ботагөзбен бірге басбух Қарақат қалған сияқты. Ойы зерек Батырбек бұл ақпараттан кейін тағы ойға шомды. Бір кезде дүр сілкініп, өз-өзімен күбірлеп сөйлескендей болып:

– Менің күдігім тегін болмаған секілді. Соңғы уақытта бізге тиесілі тендерлер уыстан оп-оңай шығып кететін болды. Не шықса да өз ішімізден бір пәле шығып жүрмесін деп, Ботагөзге қызметкерлерді аңдулы тапсырған едім. Олармен жақын тартып сөйлесіп, мүмкін болса қоңырауларына құлақ салып, басқа да жолдармен ақпарат жина деп едім. Сонда күдікке ең алдымен шалынған осы Қарақат еді.

Қарақат та оңай шағылатын жанғақ емес. Ол кісі де бірдеңені сезген болуы керек. Темірді қызған кезінде соқпақ болып, Ботагөзге жаны ашыған боп бірге еріп баруы мүмкін. Сөзден сөз шығып, екеуі қатты ерегісіп қалған болды.

Батырбек көп ойланып тұрмай, бірден телефонын алып, Қарақатқа қоңырау соқты. Арғы жақтағы әйел телефонды көтерісімен, бірден ашық атақаға шығып:

– Сіз Ботагөзге неге бардыңыз? – деп сұрақты тікесінен қойды. – Сіздің сол үйден шыққаныңызды әйелім көріпті.

Түнгі беймезгіл қоңырауды тосырқаған басбух:

– Ботагөзбен ашық сөйлескім келді, – деді бәсен үнмен.

– Не туралы?

– Ол қыз соңғы кездері менің жұмысыма ашық араласа бастады. Сөмкеме дейін ақтарып жатқанының үстінен түстім ана жолы. Бүгін не болса деп осы әңгімеге нүкте қойғым келді.

– Қарақат, шынын айтыңызшы, сіз кімге жұмыс істеп жүрсіз?! Менің сыртымнан басқа фирмаға жалданып жұмыс жасап жүргеніңізді білмейді дейсіз бе?

– Не деп тұрсыз өзіңіз?! Кім айтты оны?!

– Ботагөз пәтерінен өлі күйінде табылды, – деп Батырбек енді әңгіменің төтесіне көшті.

Қарақат мұндай суық хабарды күтпеген болуы керек, үнсіз тұрып қалды да, бір кезде:

– Қалайша?! – деген шошынған дауысы қатты шығып кетті.

– Сіз ол үйде сағат нешеде болдыңыз?

–Түнгі онға таман. Батырбек Бұланович, ал андағы сөздеріңіз жалған да бекер. Мен ешкімге жалданып, сіздің сыртыңыздан жұмыс істеген емеспін! Қайта басқа қызметкерлеріңіз есеп беру

үшін менен отчет сұрап алып тапсыратынын сіз білмейсіз ғой...

Батырбек сөздің аяғын тындамай:
– Ботагөздің үйінде қанша уақыт болдыңыз? – деп бөліп жіберді.
– Жиырма минуттай болар. Әңгімеміз жарасады. Ақыры айқайласуға дейін барыстық. Бірақ қол жұмсайтындай, мен ондай қатігездікке, хайуандыққа әйел басыммен бара алмас едім...

Жыламсыраған Қарақатпен арадағы телефон байланысы осы арада үзіліп кетті.
Енді кісі өлімі түнгі он бір мен он екінің арасында орын алғаны анық болды. Екеуі де бір сөтке ойланып қалды. Бір кезде алғаш болып тіл қатқан Әсем:
– Менің Ботагөзге қол көтеретін себебім бар екенін сенің қызметкерлеріңнің бәрі көздерімен көрді. Оның үстіне пәтеріне кіріп-шыққанымды байқаған көршісі бар. Саусақ іздерім де қалған болуы керек, – деп өңі сұрланып отырып қалды. Бұны байқаған Батырбек орнынан кілт көтеріліп келіп, түсі қашып кеткен келіншегін қапсыра құшақтап тұрып:

– Кешірші, жаным, бәрі менің кесірімнен болды. Бірақ мен саған уәде беремін, кінәлі адамды қайтсек те табамыз, – деп барып, ойына бір нәрсе түсіп, қайта телефонын қолға алды.
Арғы жақтағы дауыс бірден қосылды.
– Қарақат, сіз әлгіде отчеттеріңізді кімге беріп жүрмін дедіңіз?
Басбух бірден:
— Мысалы, бізде жақыннан бері жұмыс істеп жүрген жігітті айтуға болады, – деп салды.
– Тұрсынбек пе?
– Иә.
Әңгімені естіп тұрған Әсемнің ойына күндізгі отырыста көзіне түскен отыздың үстіндегі қой көзді қараторы тартымды жігіт оралды.
– Бірақ менен естідім деп айтпай-ақ қойыңыз... Отау көтеріп, үйленейін деп жүрген жігіт.
– Оны қайдан білесіз?
– Ана бір жолы кездейсоқ жас жұбайларға арналған салоннан бір әдемі кызыбен бірге шығып келе жатқанын көрдім. Жұмысын барынша жақсы атқаруға тырысып жүрген азамат. Жаман жігіт деп айта алмас едім...

Басбух сөзін аяқтап үлгермей қалды. Телефонның арғы жағынан ер адамның боктық аралас үні ап-анық естілді. Батырбек өзіне де таяқтың бір ұшы тиіп, атына қатқыл сөздер айтылып



ТАҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

жатқанын өз құлағымен естіді. Жай уақытта болса, ол еркекті бұл сөздері үшін заматта орнына қояр еді. Бірақ дәп осындай жаны мұрнының ұшында тұрған сәтте емес.

Бүгінгі сергелденнен әбден шаршаған Әсемді екі дос екі жақтап жүріп тынығуға көндіріп, жатын бөлмеге жіберген соң біраздан кейін Қарақат қайта байланысқа шықты. Дауысы үдетіліп, ап-анық естіліп тұр:

– Сіз кешіріңіз, Батырбек Бұланович! Күйеуім ғой бұлқан-талқан ашуланып жатқан. Үш ұйықтасам түсіме кірмейтін пәлені басыңа қалай үйеді деп қатты ашулы. Маған да бұл айып ауыр тиіп отыр. Ертеңнен, яғни, бүгіннен бастап жұмыстан кетуге арыз жазуыма тура келеді. Ботагөз ең болмаса кетер алдында өз айыбын мойындап, кешірім сұрап кетті ғой...

Басбух осылай деп дауысы кемсеңдегендей болып тұрды да, байланыс үзіліп кетті.

Батырбек подполковник досына сұраулы жүзбен қарады. Жылдам ойланып, жылдам тұжырым жасайтын Қайсенов:

– Тұрсынбектің жүріп жүрген қызы бар екені айғақ-дәлелдің бәрін бұзайын деп тұр-ау, – деді алаң үнмен.
– Бұл нені білдіреді? – деді Батырбек досына ұмсына қарап.

– Бәрін! Сенің жұмыс есептерің үй компьютерінде сақталған ғой? Соларды қазір ақтарып, Тұрсынбектің отчетын тексере аласың ба?

– Әрине! – деп Батырбек кабинетіне кіріп кетті де, Қайсенов қонақ бөлмедегі креслода терең ойға шомған күйі отырып қалды.

Батырбек жұмыс кабинетінен арада жарты сағат өте шықты. Тұрсынбектен күдіктенетіндей көп жағдайдың басы ашылғанын айтты досына. «Біздің фирманың құпия мәліметтерін бәсекелестерге беріп отырған осы жігіт пе деген күмән жүз пайыз шындыққа айнала ма деп қорқамын», – деді қызырып кеткен көзін уқалап тұрып.

– Бұл жерде Ботагөздің қатысы қаншалықты?

– Тұрсынбектің алдында анау-мынау бойжеткеннің буыны босап, қарсылық көрсете алмай қалатынын байқап келдім. Ботагөзге қырындаған түр көрсетіп, өз жағына шығарып алғысы келгенін енді сезіп отырмын. Қыздан нені сұрап-білгісі келгенін енді біле алмаймыз. Егер, басбух айтқандай, үйленгелі жүрген қызы бар жігіт қанша жүргіш

болса да, бұндай сәтте бөтен қызға қырындай қоймас еді. Шынын айтқанда, менің де Ботагөзге кетары емес екендігінді ол да байқағаны шүбәсіз.

Соңғы сөзді айтқанда Батырбек жатын бөлме жаққа ұрлана, қуыстана қарап қойып, дауысын бәсендете сөйледі.
– Ал, досым, нендей ақыл қосасың? – деп Батырбек органда жүріп, терең ойлануға дағдыланған досына сұраулы жүзбен қарады.

– Ізін суытпай Тұрсынбекке қоңыраулатқан дұрыс па деймін. Менің пайымдауымша, ол да оңай алдырта қоймайтын сияқты. Байқап сөйлессерсін, – подполковник.

Батырбек көп ойланып тұрмай, телефонды тере бастады. Қатты ұйқының мезеті болса да, Тұрсынбек көп күттірген жоқ, тұтқаны бірден көтерді.

– Тындап тұрмын, баске!
Дауысы ұйқыдағы кісінің емес, тың отырған, тіпті, масаң кісінің дауысы. Батырбек ептеп таңданып та қалды. Бірақ көп ойланып тұрмай, бірден шабуылға көшті.

– Ботагөзге қалайша дәтің барып қол жұмсадың?

– Кімге? Неге? Қалайша? – тосын сауалдан сасып қалған Тұрсынбек бірнеше сұрақты еркінен тыс қатар қойды.

Қайсенов басын изеп, досына осылай жалғастыра бер деген белгі берді. Батырбек одан әрі:

– Сенің манада, он екі кезінде Ботагөздің үйінен шығып келе жатқаныңды Әсем көріпті. Үстіңгі қабаттың алаңқайында Ботагөзге кірейін бе, кірмейін бе деп ойланып тұрған кезінде. Сен кеткеннен кейін пәтерге кірмек болған екен, есігі іштен жабылмапты. Не болса да деп, табалдырықтан аттағаннан-ақ, залда еденде қан-қан болып сұлап жатқан Ботагөзді көріп, қорыққанынан далаға қалай атып шыққанын білмей қалыпты. Үйге әлгіде ғана келіп, осының бәрін маған жаңа ғана баяндап берді.

Тұрсынбектің қапелімде ләм-мим дерліктей аузына сөз түспей қалды.

– Ол мені түнгі он екіде қайдан көре қойды?! Мен басқа жақта болдым ғой, – деп міңгірлеп тұрды да, сасқанынан телефонды жалма-жан өшірді.

«Шик-шик» еткен телефонды қолынан түсірмеген Батырбек сұраулы жүзбен досына қарады.

Әр уақиғаның арасынан логикалық байланыс іздейтін, талай жыл тергеуде тер төккен, бүгіндері қылмыскерлерге құрық салудың майталман маманы болған сақа тергеушінің әлдеқандай бір

ерте тұжырым жасауға асықпауы заңды еді. Бір жағынан, кездейсоқ сәйкестікке арқа сүйеу тергеуге абырой әпермейді. Екінші жағынан, кейде өмірдің өзі де ебедейсіз сәйкестіктерден тұратынын жоққа шығаруға болмайды. Ал мына жәйтті кездейсоқ сәйкестік десеңіз де, ебедейсіз сәйкестік десеңіз де, келеді.

– Бәрі түсінікті, – деді Қайсенов.
– Енді басыңды аса қатырмасаң да болады. Сенің өзіне деген алдамшы махаббат сезімінді шын көріп қалған Ботагөз сен келіп, скеуіңнің араларыңда жанжал шығып, саған қатты ашуланған соң, өзінің ойлауынша сезімінен үмітті Тұрсынбекті шақырғаны анық. Бәлкім, сенен осылайша махаббат кегін қайтармақшы болған шығар. Әйел жаны деген әлі ашылмаған бір құпия әлем ғой... Біраздан соң екеуі әлденеге келісе алмай қалып, сөзге келіп қалған. Ашуына мінген Ботагөз Тұрсынбектің фирмадағы былықтарын бетіне айтып салған болуы ықтимал. Бәлкім, бастыққа бәрін айтамын деп бопсалауы да мүмкін. Қысқасы, Тұрсынбек қатты ашуланып, қолы бата тимей, қата тиіп кеткен деп ойлаймын. Несін болжап тұрмыз? Ол мекенжайға жедел топ шақырту керек. Басқасын уақыт көрсетеді.

Қайсенов біраз уақ ойланып тұрды да:

– Жедел топ шақырту үшін, «102»-ге қылмыс туралы хабар немесе арыз түсуі қажет. Сондықтан Әсем осы нөмірге телефон шалып, кісі өлімінің үстінен түскенін хабарласын. «102»-дегі кезекшілер осындай хабар алған соң, міндетті түрде іле-шала маған баяндайды. Қауырт жұмыстар мен іс-шаралар содан соң басталады. Былайша айтқанда, «Таңғы қоңырау» операциясы, – деді Батыш досына қарап салқынқанды өңін жоғалтпай. Сосын:

– Әсемді шақыр! Қалай көрді, солай айтып берсін! Бір минутты да текке жіберуге болмайды. Мен кеттім. Хабар өзімнен, – деп тұжырды.

Ойдан алынбаған, осынау қым-қуыт өмірде расымен де орын алған бұл оқиға ары қарай қалай өрістеді дейсіз бе, құрметті оқырман?

Қылмыстың ізін суытпай подполковник Абылай Қайсенов Тұрсынбекті оңай құрықтады. Жауап алу барысында тәжірибелі тергеушінің тегеурінді тәсілінен тығырыққа тірелген ол жағдайды рет-ретімен баяндап берді. Ботагөздің үйіне барғанын, ойламаған жерден дастарқан басында дау туып, даудың соңы ұрыс-керіс, жанжалға жалғасып, қанды оқиғамен аяқталғанын мойындады. Даудың шығуына Ботагөздің: «Мен сенің не істеп жүргеніңнің бәрін білемін. Фирманың барлық құпия көрсеткіштерін жіпке тізгендей етіп жинап, бәсекелес фирмаға қомақты ақшаға сатып жүргеніңді бастыққа айтамын», – деген сөздері себеп болған. Мастықтың қызуымен Тұрсынбек Ботагөзді соққыға жығады. Өзін-өзі тоқтата алмай, ұрып құлатып, тепкілеп тастайды. Асханадан жатын бөлмесіне сүйреп әкеле жатқанда, Ботагөздің жан тапсырғанына көзі жетіп, ол жерден алды-артына қарамай қашып шығады.

Қарсы пәтердегі көрші әйел Қарақаттың келіп, оның көп ұзамай шығып кеткенін, есікті Ботагөздің өзінің жауып алғанын, содан соң Тұрсынбектің келгенін, біраздан соң пәтердің ішінен айкай-ұйқай, тарсыл-гүрсіл естілгенін, пәтерден оның алды алқам-салқам болып жүгіріп шыққанын, есіктің ашық қалғанын уақыт-уақытымен қолға ұстатқандай айтып берді. Әсемнің көтеріп алған қаламы Тұрсынбекке тиесілі болып шықты.

Ал, Батырбек пен Әсемге келер болсақ, екеуі бәрібір де ажырасып кетті. Бедел мен абыройына дақ түскен Батырбек пәтерін де, жиған-терген мүлкін де Әсемге қалдырып, тасы өрге домалап тұрған фирмасын сатып, басқа қалаға көшті...

Сайлау ТӨЛЕУ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
облысы 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов
облысы 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5066 дана
Апталық таралым 10 132 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31